



## ТҮЙТКІЛ

# ЖАЛАҚЫСЫЗ ЖҰРТТЫҢ ЖАНАЙҚАЙЫ

**Шығыста бірдей бір зауыт жұмысшыларының «жегені желім, ішкені ірің» боп тұр. Олай дейтініміз, жұмысшылардың жалақыдан қағылғанына бірнеше айдың жүзі болыпты. Нәпақасы қолға дер кезінде тимегендіктен не көмір алмаған, не несиесін төлей алмаған жұмысшылардың жанайқайын арнайы хабарласып білдік.**

Осы аптада Шығыс Қазақстан облысының Алтай ауданындағы Серебрянск қаласында органикалық емес өндірістер зауытының жұмысшылары дабыл қакты. 70-тен астам адам ай сайынғы айлығын ала алмай әуре-сарсаңға түскен. Тіпті кейбіреулері қысқа камданып үлгермей, көрші-қоланын паналап кетіпті. Зауыт жұмысшыларының бірі Нина Тютинкова: «Кәсіпорын басшысы жер жұтып қойғандай жоқ болып кетті. Әуел баста өңе-міне деп алдарқатқан еді. Қазір мүлде хабар-ошарсыз. Осының салдарынан қиындықтың камытын кидік. Мына жактан несие деген бәле қысып тұр», — дейді.

Зауыт жұмысшыларының зығырданын қайнатқан басшы соңғы рет тамыз айында бой көрсеткен. Міне, содан кейін жұмысқа мүлде келмей кеткен көрінеді. Шығыс Қазақстан облысы бойынша мемлекеттік еңбек инспекциясының басшысы Бакытбек Кизатовтың айтуынша, бұл іске қатысты қазір қылмыстық



іс қозғалған. Ол: «Жалақы ала алмай отырған жұмысшылардың ісіне қатысты аудандық тәртіп сақшылары қылмыстық із қозғалды. Енбекақының төлену-төленбеуі біздің де назарымызда. Алдағы уақытта мәселе оң шешімін табады деген сенімдемін», — дейді.

Кезінде осы зауыттың айы оңынан туып тұрған еді. Шығарған өніміне еліміздің түкпір-түкпірінен, шет мемлекеттерден де сұраныс болған. Алайда соңғы жылдары ісі ілгері баспады. Енді жұмысшыларына жалақы төлеудің өзі мұңға айналған.

Айта кетерлік жағдай, Алтай ауданында енбекақы дауы бірінші рет көтеріліп отырған жоқ. Бұған дейін өңірдегі цемент зауыты қаражаттың жетіспеушілігін сылтаулатып, 79 адамды жұмыстан қысқартып тастаған

еді. «БЦК» ЖШС-дан жұбайының ешқандай ескертусіз жұмыстан шығарылғанын айтқан әйелдің бейнежазбасы әлеуметтік желіде желдей есіп, облыс әкімі Даниал Ахметовке дейін жеткен-тұғын.

Аймақ басшысы аудан әкімі Нұржан Токсейітовке тез арада тұрғындарды жұмыспен қамту туралы тиісті шара қолдануды тапсырған соң, мәселе оң шешімін тапты. 79 адамның жартысына жуығы зауытқа қайта орналастырылса, қалғанын басқа үш мердігер компания жұмыспен қамтамасыз еткен. Енді мына зауыт жұмысшыларының да жанайқайы алысқа кететін сынайлы.

**Талғатжан МҰХАМАДИЕВ,**  
*Шығыс Қазақстан облысы*

## КӨЗБЕН КӨРГЕН

# СӨЙТСЕ... СҮРІЛЕТІН МЕКТЕП ЕКЕН

**Осы аптада бірқатар ақпарат құралдары Алматыдағы бір мектептің аянышты жағдайы туралы хабарлады. Білім ордасында асхана, спортзал және дәретхана жоқ екені айтылып, тұрғындардың алаңдаушылығы жеткізілген. Осыған орай, біз аталған мектептегі ахуалды көру үшін Алатау ауданындағы Томирис ықшамауданына бардық.**

Телеарна мен сайттарда тақырыпқа арқау болған мектеп шын мәнінде оқу ордасының бөлімшесі екен. Ал жаңалықтарда айтылған №156 мектеп қаланың Өжет ықшамауданында. Ол 3 қабатты еңселі ғимаратымен алыстан көзге шалынады. Оқушыларға барлық жағдай жасалған заманауи мектеп. Шағын ғимаратта орналасқан білім ұясы әлгі мектептің бөлімшесі.

Мұнда мектепке дайындық бөлімінен бастап 9-сыныпқа дейінгі оқушылар білім алады. Шәкірттердің саны көп те емес. Оқушы саны 200-ден сәл асады. Білім ұясында

сыныптардан басқа ештеңе көзге түспеді.

Мән-жағдайды мектеп басшылығынан сұрадық. Бөлімшелегі директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Алуа Бекбосынқызы мұны былай түсіндірді: «Қазір барлығы 211 оқушы білім алады. 2020 жылдың мамыр айында оқу жылы аяқталғаннан кейін мектеп сүріледі. Алдағы жылдары осы аумақта 1500 орынға арналған



жаңа мектеп салынады. 1-4 сынып оқушылары Шанырақ 2-дегі № 26 мектепке, ал 5-9 сынып оқушылары Әйгерім ықшамауданындағы №149

мектепке ауыстырылады. Тараздағы оқиғадан кейін Алатау ауданының әкімдігі бізге демеуші тауып, екінші корпустың ішіне дәретхана салынды. Алдағы аптада дәретхана толық пайдалануға беріледі. Мекемemenің ішінде, сыртында бейнебақылау камералары орнатылған. Мұғалімдер де кезекпен оқушылардың қауіпсіздігін бақылап отырады. Мектептің манындағы бірнеше тұрғын үй сүрілді. Құрылыс жұмыстары оқу жылы аяқталған соң басталады. Қандай компания салатыны да белгілі», — деді.

Осы мәселе бойынша Томирис ықшамауданының тұрғындарын да әңгімеге тарттық. Тұрғындар «Оқу жылы аяқталғанша шыдаймыз. Жаңа мектеп салынса, балаларымыз алысқа қатынамай, жақын жерден барар еді» деген үмітін білдірді.

**Мақпал НОҒАЙБАЕВА**

## МӘСЕЛЕНІҢ МӘНІСІ

**Көкшетау қаласының іргесіндегі Красный Яр ауылдық округіне қарасты Нұрлы көш ауылы тұрғындарының мұң-мұқтажын көзбен көріп, құлағымызбен есту үшін бір топ сенатор былтыр 14 қарашада арнайы іс-сапармен барып қайттық. Көргеніміздей, үкімет 2009 жылы «Нұрлы көш» бағдарламасын іске асыру мақсатында тұрғын үй салу үшін республикалық бюджеттен 1 млрд 200 млн теңге, яғни әрбір екі пәтерлі үйге сол кездегі доллар бағамымен 59 мың доллар бөліп, осы қаражатқа 2010 жылы Красный Яр ауылдық округінде 276 отбасы үшін 138 екі пәтерлі тұрғын үй салып, шетелдерден көшіп келген қандастарымызға пайдалануға берілген.**



# САПАСЫЗ ҮЙДІҢ САУАЛЫ КӨП

Алайда үйлердің қабырғасы қомақты қаржы бөліне тұра солтүстіктің 40 градус аязына мүлдем шыдас бермейтін гипсокартон, пеноплекс, панельден, пескоблоктан салынған. Барлық үйде дерлік іргетас жоқ. Едені ажырап кеткен. Қабырғасы өте жұқа, арасы қуыс. Тұрғындар қыста тонып, үйде тұру мүмкіндігі болмағандықтан, туыстарының үйінде тұруға мәжбүр. Көбі әртүрлі аурумен ауырады. Үйлерді қалпына келтіру үшін тұрғындар өз қаражатынан жылда жөндеу жұмысын жүргізеді екен. Соңғы уақытта кейбір үйлердің төбесі құлап, жөндеу жұмысын жасауға мүмкіндіктерінің жоқтығы анықталды. Үйлердің көбі апаттық жағдайда.

Бастапқыда 276 отбасы «Сарыарқа» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясымен әр айға 7 мың теңге жалға алу қаражатын төлейтін болып келісімшартқа отырған. «Сарыарқа» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы банкрот болып, тарап кеткен соң бұл бағдарлама бойынша жұмысты «Есіл» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы жалғастырған болатын. 2011 жылы Көкшетау қаласы әкімдігінің қаулысымен 138 екі пәтерлі тұрғын үй жер учаскелерімен қаланың коммуналдық меншігіне берілгендігі және «Көкшетау қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлім» мекемесінің балансына бекітіліп, мекеме тұрғындармен жалға алу келісімшартына отырғаны белгілі болды.

Кешендегі тұрғын үйдің орташа құны 3 миллион 200 мың теңге болып есептелген. Жергілікті әкімшілік пен тұрғындарының арасында тұрғын үйді сатып алу шарты ретінде, банктен несие алып, ай сайын 25 мың теңге көлемінде несие төлеп және 7 мың теңге жалға алу қаражатын төлеп тұру келісімі де жасалған. Бірақ тұрғындардың көпшілігі үйлерінің апаттық жағдайда болуына байланысты және әлеуметтік жағынан әлсіз топтар қатарына жатқандықтан, төлемнен бас тартқан. «Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» акционерлік қоғамының мәліметіне сәйкес осы кезде тұрғындардың берешегі 32 млн теңгеге жеткен.

Осы уақытқа дейін олардың тұрғын үйін жер учаскелерімен бірге тұрғындардың меншігіне берудің жолы қарастырылмаған. Осы айтылған жағдайдың барлығы тұрғындардың әлеуметтік наразылығын, билік органдарына деген сенімсіздігін жылдан-жылға күшейтіп келеді. Сондықтан да кешендегі тұрғын үйлердің бүгінгі күнгі нақты бағасын анықтау мақсатында жылжымайтын мүлікте бағалайтын арнайы комиссия құрып, апаттық жағдайдағы тұрғын үйге жөндеу жұмысын жасауға мүмкін емес үйлердің тұрғындарына жер учаскелерімен бірге жекеменшіктеріне беру жолын қарастыру керек. Сонда ғана бұл мәселе толыққанды шешімін таппақ.

**Мұрат БАКТИЯРҰЛЫ,**  
*Сенат депутаты*

## МЕРЕЙТОЙ

# ҰЛАҒАТТЫ ҰСТАЗ НАМАЗАЛЫ ОМАШҰЛЫ 70 ЖАСТА



Орталық Азия бойынша ЮНЕСКО кафедрасының тұңғыш рет өзіміз оқып жатқан жұрфакта ашылуы, журналистика факультетінің өз алдына жеке тәртіптік кеңес құруы сияқты ірі табысы туралы жиі еститінбіз. Дәріс үстінде де, бейресми сұхбаттарда да құлағымыз қаныққан осы еңгіме ауанынан факультетіміздің республикадағы маңдайалды оқу орны екенін анық аңғаратынбыз. Ал факультеттің көркейіп-гүлденуі мен өрісінің ұлғаюын қай лектор-оқытушымыз болсын тікелей Назмазала ағаның қойраткерлігі мен іскерлігінің арқасында деп білетін.

(Бұл туралы 7-беттен оқыңыз)



## БИРЖАМЕТР

**МҰНАЙ** (brent)  
**65,42**

**DOLLAR**  
**378.21**

**EURO**  
**421,25**

**РУБЛЬ**  
**6,11**

## ҚАУІП

# ЕРТІС ЕЛДІ ШОШЫТТЫ

Ертіс өзенінде мұз еріп, ағыс ырғағы бұзылды. Кептеліп қалған мұз су деңгейін көтеріп жіберді. Соның салдарынан Өскемен маңындағы Восточный, Мирный кенттері мен Полковничинский аралындағы тұрғын үй ауласын су басып қалды. Әзірше 8 адам, 3 бала басқа жерге көшірілді. Бұл туралы Шығыс Қазақстан облыстық төтенше жағдайлар департаменті басшысының орынбасары Барат Тұзақбаев хабарлады. Департамент және полиция қызметкерлері аталған ауылдарда тұратын жұртты тасқын қаупінен алдын ала сақтандырған. Мамандар өзен жағасын тәулік бойы бақылауда. Қазір жедел штаб құрылды.

**Талғатжан МҰХАМАДИЕВ**



БИЛІК

Бүгінде еліміздің үздік жастарының қатарында жүздеген қыз-жігіт жүр. Бәрі де ел үшін еңбек етудің, отаншылдықтың тамаша үлгісін көрсетіп келеді. Осындайда Мағжан Жұмабаевтың «Арыстандай айбатты, Жолбарыстай қайратты – Қырандай күшті қанатты. Мен жастарға сенемін!» деген ұлы сөзі ойға оралады. Мәселен, Eurasia Blockchain Fintech Group Limited компаниясының бас директоры Тілектес Адамбеков Қытайдың Цингхуа университетінде білім алған. Екі жыл бұрын «Астана» ХҚО-ға 1 миллион доллар көлемінде инвестиция тартып, өз компаниясын құрған. Ал BTS Digital ЖШС білім беру орталығының консультанты Олжас Сәкенов білім саласын дамытуға атсалысуда. Бизнес пен ғылым саласында, тіпті мемлекеттік қызметте бақ сынап жүрген жігерлі жастар қаншама! Олар ендігі жерде билікке бір табан жақындап, лауазымды қызметтерге орналасуы әбден мүмкін.

Міне, осындай талантты буынмен – Президенттік жастар кадрлық резерві мүшелерімен осы аптада Мемлекет басшысы кездесті. Президенттік жастар кадрлық резервіне іріктеуге 13 мыңнан астам қыз-жігіт қатысып, араларынан жүзден жүйрік шыққан 300 үміткер таңдалып алынған.

# ҚАБІЛЕТТІ МАМАНДАР ҚАЖЕТ

Акордада өткен басқосуда Қ.Токаев Президенттік жастар кадр резервіне кірген 100 адам қызметке тағайындалатынын айтты. Бұл жөнінде Қасым-Жомарт Кемелұлы: «Алдағы жылдарда кадрлық резервтің әлеуетін толық пайдаланамыз. Әрине, араларыңыздан бизнес саласында зор жетістікке жеткендер шығып жатса, құба-құп болар еді. Осы ретте, ел дамуына пайдасы тиетін бастамаларды қолға алған жөн», – дей келе, бұл елді өркендетуге бел буған, сол үшін бар күш-жігерін жұмсайтын азаматтарға арналған жоба екенін жеткізді. Демек басты міндет – талантты жастардың елімізді жана белестерге көтеруіне мүмкіндік беру. Жиында жастар жүрегіне жетер, ойына ой қосатын пікірлер ортаға тасталды. Әсіресе, Абайдың «кемел адам» тұжырымы мемлекеттің барлық саласында негізгі тұғырға айналуы тиістігі баса атап көрсетілді. Мұнын бәрі интеллектуалды ұлт қалыптастыру үшін қажет. «Біз елді,

ұлтты Абайша сүюді үйренуіміз керек. Ұлы акын ұлтының кемшілігін қатты сынаса да тек бір ғана ойды – қазағын, халқын төрге жетелеуді мақсат тұтты. Ұлы ойшыл жастарымызды білім мен ғылым игеруге, өнер мен тіл үйренуге, адал еңбек етуге шақырды, – деген Мемлекет басшысы Алаштың ардақтысы Әлихан Бөкейханның: «Ұлтқа қызмет ету білімнен емес, мінезден» екендігіне де құлаққағыс жасады. Ендігі жерде жастар, жалпы жұртшылық жариялылықтың жарқын үлгісін анық байқайтын болады. Осы жерде Қ.Токаев президенттік сайлау кезінде айтқан «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасы нақты іске асатындығына тағы да қайталады. Акордаға арнайы келген жастар болашаққа бағдар болар ұсыныстарды



500-ден аса өзгеріс болған. Үнемі қайта құрыла берген соң мамандар кете бастаған. Мемлекеттік аппарат үшін институционалды жақтың сақталуы ауадай қажет. Мекеме мен бөлім басшылары шегіртке ұқсап, бір қызметтен екінші қызметке тоқтаусыз секіре бермеуі тиіс. Ұлттық экономика министрі Р.Дәленов, Нұр-Сұлтан қаласының әкімі А.Көлгінов Президенттік жастар кадр резервінің өкілдерімен кездесіп, алғашқы қызмет орындарын ұсынды. Президент айтқандай, Қазақстан азаматтары

шенеуніктерді қоғамға қатысты барлық шешімдерді билік дәліздерінде қабылдайтын қандай да бір таңдаулы топ ретінде қарамауы керек. Шенеуніктер қолжетімді болуы қажет. Алшақтамау амалдары, халыққа жақын болу, сенім арту, заманға бейімделу осындайдан басталады. Бүгінгі жас буынның, оның ішінде билікке келетіндерге уақыт алыс емес. Ол үшін тиісті білім мен білікті менгеру қажет. Қысқасы, ел басқару ісіне араласатын таңдаулы жастардың қатарына қосылу – зор мәртебе. Олар елімізді одан әрі өркендетіп, Тәуелсіздігімізді нығайтады. «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасының негізгі үш қағидатына, атап айтқанда, ашықтық, инклюзивтілік және азаматтардың сұраныстарына жедел жауап беру мәселелеріне ерекше назар аударатын да осы жастар болмақ.

Жолдасбек ДУАНАБАЙ



## Әлеумет.т<sup>0</sup>

### ӨМІР МЕКТЕБІНЕН ӨТСІН

Бұл ақпаратқа ешкім онша мән берген жоқ. Әшейінде бір-бірінен іліп әкетіп, сан-саққа жүгіртіп жататын белгілі-белгісіз порталдарда жарияланбады. Жұртқа болашақ қазылардың Германияда көңіл көтергені, ішіп-жеп, билегені қызық. Әйгілі сатириктін баласына жұдырық жұмсаған жүгермектің кім екенін білгісі келеді. Есесіне, өз ісіне берілген, елін сүйетін жас маман туралы жазба көр-жер әңгіменің тасасында қалып қойды.

Mangystautv.kz порталында Ақтауда ұстаздық етіп жүрген Жігер Тілеуханов туралы сюжет бар. Тұманды Альбионда өткен байқауда «Әлемдегі ең үздік ұстаз» атағын жеңіп алған. Жүзден астам үміткерден жүйрік шыққан. Сол үшін де оған Англиядағы магистратурада тегін білім алу мүмкіндігі ұсынылыпты. Ол содан бас тартып, мектептегі жұмысына қайта оралған.

25 жастағы Жігер ғылыми-инновация лицейінде химиядан сабақ береді. «Менің өз міндетім бар. Мен үшін өз отанының нағыз патриоттары – Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Абай Құнанбаев. Олар өз кезінде жас ұрпақтың сауатты болуын қалады. Біз ата-бабаларымыздың ісін жалғастыруымыз керек» дейді ол.

Қалай ойлайсыз, Жігер сияқты ойлайтын жастар бізде көп пе? Менінше, көп. Әрқайсысы өз орнында, өз ісімен айналысып жүр. Әйтсе де, көзге түсе бермейді. Өз әлеуетін, білімін тиісті деңгейде пайдалана алмай жүргендер қаншама!

Осы орайда Президенттің кадрлық резерві ойға оралады. Өтініш берген 13 мың адамның ішінен іріктеліп алынған 300 жастың құрамына қарасақ, 102-сі – жеке, 98 адам – квазимемлекеттік сектордан, қалған 96-сы – мемлекеттік қызметкерлер. Жартысынан көбі – шетелде оқып келгендер. Оның үстіне, іріктеу жүріп жатқанда өтініш бергендердің басым бөлігі Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қаласынан екені мәлім болды. Іріктеудің қатаң болғанын, таңдалған үш жүздің мықты екеніне күмән жоқ.

Дегенмен алдағы уақытта ауылдан шыққан білімді жастарға да мүмкіндік берілсе деген тілек бар. Бізде жоғары мемлекеттік қызметке немесе ұлттық компанияларға негізінен шетелде оқып келгендерге басымдық берілетіні күпия емес. Ауылды жерде оқығандардың бірен-сараны болмаса, көбі өспей қалады.

Президенттің кадрлық резервіне енгендер келешекте министр, әкім, ұлттық компания басшысы болуы мүмкін. Таразылап көрсек, кімнен жақсы әкім шығады? Ауылдың топырағын жұтып өскен (*яғни бүкіл проблемасын білетін*), әлде асфальтта ойнаған баладан ба?

Сондықтан Президенттің кадрлық резервіне енген жастарды қандай да бір орынтаққа конжитпас бұрын аймаққа жіберген жөн шығар. Олар үшін бұл тамаша өмір мектебі болар еді. Мемлекеттің қаржысына жатжұртқа барып, «тәжірибеден» өткен магистранттардың кебін олар ешқашан қимес еді.

Гүлнар АХМЕТОВА

АПТАНЫҢ БЕС МЫСҚАЛЫ



2765

Шымкентте АӘК алуға өтініш берген отбасы саны

25 000

шақырым – ел ішінде жөнделетін жол

7,8 МИЛЛИОН

теңге – Арқалық политехникалық колледжінің директорына салынған айыппұл мөлшері

20

Ақтауда заңсыз салынған осынша тұрғын үйдің құрылысы тоқтап тұр

200

қаңғыбас итті Петропавл тұрғыны асырап алды

### Апта жаңалығы

Нариман МҰҚЫШЕВ, еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министрі:

«Бұрын жұмыссыз ретінде тіркелу үшін анықтаманы халықты жұмыспен қамту орталығына міндетті түрде жеке өтініш беру қажет еді. Бұл ретте анықтама бір күн ішінде берілді. Енді анықтаманы egov.kz-те онлайн тапсырыс беру арқылы лезде алуға болады. Мұндай форматың негізгі артықшылығы – бұл анықтаманы кез келген жерден аласыз».



### Аптаның айтары

Нұрлан ЕСЕКЕЕВ, Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің халықты жұмыспен қамту орталығы директорының орынбасары:



«Жастарды қазіргі еңбекақы қанағаттандырмайды. 70 мың теңгені азсынады. Оларды түсінуге де болады. Тәжірибе болмағаннан кейін, мекемеге барып жұмыс істемеген соң оларға қомақты жалақыны ешкім төлемейді».

### Аптаның сауалы

Нұрлан НЫҒМАТУЛИН, Мәжіліс төрағасы:

– Қарулы Күштердің оқ-дәрі қоймалары, базаларының қауіпсіздігі – өзекті мәселе. Маусым айында Арыста болған жойқын жарылыстан кейін нормативтік-құқықтық актілерді өзгерту мен толықтыру тұрғысынан ешқандай жұмыс жүргізілген жоқ. Түсінбедім, сонда Арыстағыдай келесі апатты күтіп жүрсіздер ме?

### жауабы



Мұрат БЕКТАНОВ, қорғаныс министрінің бірінші орынбасары:

– Арыс бойынша қазір жұмыс істеп жатырмыз. Біршама инженерлік оқ-дәрілерді басқа жерлерге тасымалдап, ауыстырдық. Бізде барлық қойма, оқ-дәрі сақтайтын базалар бойынша мәлімет бар. Иә, базалар, қоймалар және арсеналдар жанында тыйым салынған аймақтар мен аудандарды белгілеу ережелерін қайта қарау қажет.

## Ашық әңгіме

Өнердің қай саласында болсын, аға буын мен жастар арасында қалыптасқан әдемі үндестік бар. Мәселен, әдебиетте алдыңғы буын ағалар өздерінен кейінгі жастардың шығармашылығына сын айтып, жол сілтеп жатады. Жарасымды. Көсемсөзде де солай. Газет-журнал арқылы бүкіл елге танылған белгілі журналистер жас тілшілерге қалай жазу керектігін айтса, оның айыбы жоқ. Сол себепті де біз қазақ журналистикасының сұрмергені Қайнар Олжайды әңгімеге тарттық.

**Жас qazaq:** Қайнар аға, сізді ел-жұрт газет арқылы таныды. Соңғы кездері сайттарда көлемді зерттеу макалаларыңызды оқып жүрміз. Әлеуметтік желіде де белсендісіз. Кейбіреулер газеттің дәурені өтті деп жүр. Шынымен, солай ма?

**Қ.Олжай:** Газеттің дәурені өткен жок. Бәсеке болғаны дұрыс. Бұрын газетке бәсеке болған жоқ. Радио мен телеарналар бәсекелес болмайтын. Ал мынау сайттар мен әлеуметтік желі газетке

Қайнар ОЛЖАЙ:

# ЖАСТАР ОРТАҢҚОЛ МЕН ОРТАҚОЛДЫ БІЛМЕЙДІ

бәсекелес. Бірақ газеттің артықшылығы көп. Сайттың қағаз нұсқасы жоқ. Ал газеттердің сайты да, қағаз нұсқасы да бар. Демек басылымдар сақталады. Газет редакторлары штаттарын қысқартпауы керек. Кейбір редакторлар журналистерін қысқартып жатыр дегенді естіп жүрміз. Ол дұрыс емес. Қайта газеттің сайтына істейтін тілшілері бар, әлеуметтік желіге бөлісіп отыратындары бар дегендей, редакция журналистерінің санын көбейту керек.

Американың тәжірибесінде бар: газеттің қағаз нұсқасы да, сайты да жұмыс істейді. «Жас Алаш» газеті соған көшті. Сендердің де басылым солай жұмыс істейді. Қазір кейбір сайттар газеттерден көшіріп басады. Көшіріп деп жұмсартып айтып отырмын, шындығына келсек, тақырыбын айқайлатып қояды да, материалды ұрлайды. Өз басым газеттің дәурені өтті деп ойламаймын. Керісінше, сайт пен әлеуметтік желі арқылы газетті жарнамалап, таралымын көбейтіп сатуға болады.

**Жас qazaq:** Сайт демекші, интернет зауыт сияқты бәрін жұта берген соң ба, қазір сайттарда жұмыс істейтін жас журналистердің бәрінің жазуы бір-бірінен аумайды. Инкубатордан шыққандай. Өзіндік қолтаңба, өзіндік ой жоқ. Неге?

**Қ.Олжай:** Алдыма үш газет өкеліп қойып, үшеуінен үш макала көрсетініз. Қай макаланы Сапарбай Парманқұлов, қай зерттеуді Жанболат Аупбаев, қай очеркті Қали Сәрсенбай жазғанын сұраныз. Көзімді жұмып тұрып деп артық айтпайын, әрқайсысының қолтаңбасын бірден танимын. Өйткені олардың өзіне тән жазу стилі бар. Ал қазіргі жас журналистердің үшеуінен емес, онының жазбасын өкеліп берінізші. Мен түгілі өзіңіз де ажырата алмайсыз. Сіз айтқандай, бәрі бір инкубатордан шыққандай. Стилі қалыптасқандар аз. Тіпті саусақпен санарлықтай ғана қалды. Қолтаңба қалыптасу үшін көп оқисын, көп жазып, көп ізденесін. Сонда ғана бірте-бірте өз қолтаңба қалыптасады.

Журналистика факультеттерінде, тіпті жанрдың өзі дұрыс оқытылмайды екен. 4 жыл бәрін оқытады. Бірақ макаланы қалай жазу керек дегенді оқытпайды. Мысалы, «Темірбек Қожакеевтің сатирасы» деген ғылыми еңбек бар. Оқытылады. «XX ғасыр Алаш зиялыларының ұлт туралы макаласы» деген ғылыми еңбек бар. «Қазақ газеті» деген ғылыми еңбек сияқты көптеген негізгі оқулықтар оқытылады. Бірақ макаланы қалай жазу керектігін үйрететін оқулық жоқ. Әңгіме сонда. Қазақстандағы барлық журналистика



факультеттері мен бөлімдерінің жағдайы осындай.

**Жас qazaq:** Әңгіме сайт журналистері туралы еді ғой. Қазір оқу бітірген жастардың дені сайттарда жұмыс істеп жүр. Бұлай жалғаса берсе, сайттағы сауатсыздық жас тілшілерді жұтып қоймай ма?

**Қ.Олжай:** Таза журналистер азайып бара жатыр. Тазы итті құрып кетті деп жазып жүрсіздер ғой. Тазы ит азайып, дөрегейлер көбейіп бара жатқаны сияқты, таза журналистер де азайып баралды. Бірақ құм ішіндегі алтынның жылт ете қалғаны сияқты, арасынан жақсы журналистер де бой көрсетіп қалады. Ол даусыз.



Қазақ журналистикасында талай тасқынды бастан кештік. Токсаныншы жылдардың басында тәуелсіз газеттердің тасқыны болған. Қазір интернет пен сайттардың тасқыны келді. Бұдан да өтіп кетерміз. Уақыт өте сайттардың сауаттысы қалады. Одан газетке келер-кетер ешнәрсе бола қоймас.

**Жас qazaq:** Жас журналистердің сауатсыздығы туралы көп жазасыз. Сауатсыздықтың төркіні газет-журналдардың азайып, жаппай интернетке, әлеуметтік желіге көшуінен емес пе? Өйткені ақпаратты жедел тарату, оқырманға бірінші болып жеткізу деген сияқты асығыс бәсеке бар мұнда...

**Қ.Олжай:** Мұның түп негізі мектептегі білімде жатыр. Жалпы, біздің мемлекетте қазақ тіліне деген көзқарас дұрыс емес. Соның бұлақ көзі мектептен басталып отыр. Сізге бір қызық мысалмен

салыстырып айтайын. Мәселен, жол жүру ережесі бар. Оған бағынбасаныз, жазым боласыз. Адам өледі. Немесе жол полициясына түсесіз. Қазір оған сергек деген камера қосылды. Алматыда бір аптада 42 млн теңге тауыпты ғой өткенде ғана. Осындай әр түрлі заңды шектеулер арқылы жол ережесі бір қалыпқа түсіп келеді. Қазақ тіліне де сондай заң қажет. Заңды бұзған адам жазалануы керек.

# QOĞAM

E-mail: [jasqazaq2019@mail.ru](mailto:jasqazaq2019@mail.ru)

[www.jasqazaq.kz](http://www.jasqazaq.kz)



Жол ережесінде бір немесе бірнеше адамның өмірі қиылса, қазақ тілінің мәселесінде тұтас ұлттың тағдыры бар. Бізге қайсысы маңызды? Әрине, екеуі де. Дегенмен, тұтас ұлттың тағдыры салмақты. Әлеуметтік желі туралы сұрадыңыз.

Мұны да салыстырып айтайын. Әлеуметтік желі деген дуалдың ішкі жағы. Ол жағына не жазасыз, қалай бояйсыз өзіңіз білесіз. Ал сайт дуалдың көше жақ беті. Оған қалаймақан жаза алмайсыз. Бояуды да сәнімен жағасыз. Демек дуалдың сырт жағына жазатын жазу сауатты болу керек. Айып салынып отырса, бәрі аяғын тартып басады. Сауатты жазады. Сайттар да, тіпті зауыттан шыққан өнімнің этикеткасындағы жазу да қатесіз жазылар еді. Тіл комитеті қуыршақ мекеме емес, жол полициясы сияқты азу тісі алты қарыс мекемеге айналар еді.

**Жас qazaq:** Жастардың сауатсыздығы дедік қой, нақты қандай сауатсыздық басым: орфографиялық па, әлде мазмұндық сауатсыздық па? Мысал келтіріңізші.

**Қ.Олжай:** Менде мысал көп. Орфографиялық сауатсыздық — ол редакцияның өз жұмысы. Мен көбінесе мазмұндық сауатсыздықты жазып жүремін. Орфографиялық сауатсыздық та қазір өріп кетті. Бұрын корректорлардың институты, яғни корректорлардың үлкен саласы болған. Баспада, газет редакцияларының бәрінде корректор отырған. Редактор мазмұндық жағын редакцияласа, корректор орфографиясына қарайтын. Қазір бірде-бір сайт корректор ұстаймайды. Тіпті кейбір газет-журналдар да ақша үнемдеу үшін корректордың штатын қысқартып тастады. Жастардың арасында сөйлем құрай алмайтындары көп. Бұл — бір. Екіншіден, сөздің мәнін білмейді. Мысалы, қазақта ортанқолдай деген сөз бар. Мықты дегеннің баламасы. Бір газет «Төлен Әбдіков қазақтың ортақол жазушысы» деп беріпті. Ортақол — көп қаламгердің бірі дегенді білдіреді. Мазмұндық сауатсыздықтың кесірі сол

ортанқол мен ортақолды ажырата алмай отырмыз. Тағы бір мысал айтып берейін. Республикалық бір телеарна Абайдың 175 жылдығына орай шығарған бір хабарында «Асыққанның алды жөн, арты соқпақ дейді Абай атамыз» деп соғып отыр. Абай Құнанбайұлы «Аласқанның алды жөн, артық соқпақ» деген. Өзі Абай туралы хабар жасап отырған адам ақынның сөзін білмейді. Бұдан өткен сауатсыздық бола ма? «Орнында бар оналар» деген сөз бар. Оны бір журналистер «Артында бар оналар» деп соғып жүр. Мазмұндық сауатсыздық дегеніміз осы.

**Жас qazaq:** Ғаламтор шыққалы кітап оқу модалан қалды деп жүр. Жалпы, кітап сізге не берді?

**Қ.Олжай:** Кітап оқымасам, осы күнге жетпес едім. Бүгінгідей жазға алмас едім. Кітап мен үшін бәрін берді. Кейбір жас журналистер «Кітап оқымай да журналист болуға болады» дейтін көрінеді. Бірақ сауатсыз, стильсіз журналист шығады ондайлардан. Мен үнемі кітап оқимын. Төкен Әлімқұловты, Сайын Мұратбековты, Мұхтар Мағауинді жиі оқимын. Мағауиннің «Аласапыран», «Шахан шері», «Сары қазақ» романдарын қайталап оқығаннан стилім қалыптасты. Өзімді Мағауиннің шәкіртімін деп есептеймін. Бірақ көшірмесі емеспін. Мағауин маған бір сағат та сабақ берген емес. Кітаптарын оқу арқылы шәкірт болдым. Кітап оқымаған журналист жүз мақала жазса да, стилі қалыптаспайды. Сол дүбәра қалпында, өспей қалады. Журналистке көркем әдебиетті оқудан еш зиян жоқ. Тілі қалыптасады, стилі айқындалады, деректі дүниемен салыстырып ойлай алады.

**Жас qazaq:** Телеарналарда ұзақ жылдардан бері жұмыс істеп келесіз. Бұрынғы телеөнімнің бәрі Ресей

арналарының көшірмесі еді. Олар Америкадан алады деп жататын. Қазіргі телебағдарламалар бір-біріне қатты ұқсайды. Бәрінде өң-түсі бірдей ток-шоу. Арнаның бет-бейнесін көрсететіндей қолтаңба аз. Тіпті қай хабар қай арнаның өнімі екенінен шатасасыз. Сырткөз ретінде бізге осылай көрінеді. Сізге ше?

**Қ.Олжай:** Телеарнада әлі күнге дейін жұмыс істеймін. Сіздер «Интернет пайда болғалы ватцап шықты, тағы басқа әлеуметтік желілер халықты газет-журнал оқымайтын күйге түсірді» деп қорқып отырсыздар. Негізінде сол әлеуметтік желі, ватцап, ютуб сияқты интернеттің мүмкіндігі ашылғалы, телеарналарға қауіп бірнеше есе артты. Телеарналардың бәрі өте қиын жағдайда отыр қазір. Өйткені жұрттың бәрінде ұялы телефон, компьютер бар. Жаналықтың бәрін теледидардан бұрын көріп алады.

Менің бір досым бар. Ұзақ жылдардан бері апталық қорытынды хабар жасайды. Сол: «Қайнеке, әлеуметтік желіге екі сөйлем жазсаныз, жүздеген адам пікір жазады екен. Қызылкенірдек болып қырқысып жатады. Мен бұрын 5 минуттық хабар жазсам, күніне бірнеше адам телефон соғып «Ғажап болыпты» деп жататын. Қазір ешкім қоңырау шалмайды. Осы жұрт теледидар көруді қойды-ау деймін?» деп күлді. Соның сөзі рас сияқты. Оның үстіне, қазір телеарнадағы дүниенің бәрі ютубқа салынады. Жұрт содан көріп алады. Осылай жалғаса берсе, бұл бәсекеде газет емес, алдымен телеарна ұзаққа бармай ма деп қорқамын.

Әуелдегі сұрағына келейін. Өзін де дұрыс байқағанын. Барлық телеарнада бірдей ток-шоу, бірдей бағдарлама. «Qazsport» пен «Balapan» арнасына ғана ешкімнің таласы жоқ. Телеарнаның бәріне талап бірдей. Мен қазір ток-шоу жасамаймын. Ең соңғы ток-шоуым марқұм Бейбіт Құсанбек жүргізген «Тіл» мен Назира Бердалы жүргізген «Сөз — мерген» деген екі хабар. Ток-шоудың артықшылығы — арзандығы ғана. Бұл жанрдың мақсатсыздығын түсінгеннен кейін, ол жұмысты қойдым. Жалпы телеарнадағы публицистиканы, айтар ойы, өзегінде дәні бар хабарларды жақсы көремін.

**Жас qazaq:** Соңғы жылдары телесериалдар көптеп түсіріліп жатыр. Көңіл қуанады! Бірақ әлі де көрермендер түрік телеөніміне ынтық. Неге? Біздің кино, телесериалымызға не жетпейді?

**Қ.Олжай:** Бұл сұраққа тікелей жауап болмаса да, салыстырмалы түрде бір әңгіме айтып берейін. Түріктің Әзиз Несин деген жазушысы болды. Қалтай аға мен Ғаббас ағалар аударды. Сол Әзекеннің жетпісінші жылдары жазған дүниесі біздің токсаныншы жылдарымызға тап келді. Бір кітабында бар: «Бірде менің өлгім келді. Токқа соғылайын деп, екі сымды екі қолыма ұстай қалсам, біздің ауданда бірнеше жылдан бері жарық жоқ екен. Өле алмаған соң «Қой, асылып қалайын» деп дүкеннен жіп сатып әкелдім. Екі қабаттап мойныма салып, төбеге байлап, секіріп кеттім. Қырсық қылғанда жіп үзіліп кетті. Сөйтсем, біздің үкімет сапалы өнім шығаруды қойған екен. Асылып өле алмаған соң газға тұншығып, қиналмай әліміз деп газдың шүмектерін ашып, көрпеге оранып жатып қалдым. Рахаттанып ұйықтаппын. Таңертең ояным, құр аттай сергекпін. Сөйтсем, газдың трубаарынан газ емес, таза ауа келгелі бірнеше ай өтіп кетіпті» дейді. Әзиз Несиннің жетпісінші жылдары жазған осы әңгімесі токсаныншы жылдары біздің елге келді. Бұдан айтайын деген әңгімемнің түйіні не? Демек түріктер біздің алдымызда келе жатыр. Олар түсірген телеөнімге біз енді ғана ынтық болып отырмыз. Ал біздің киноға жетпейтін дүние көп. Ең бастысы, біздің киноөнімдерімізге өмірдің сан-салалы қатпары жетіспейді. Ал түріктерде оның бәрі бар.

**Жас qazaq:** Былтыр Қозы мен Баян туралы тарихи сериалды сынап жаздыңыз. Жалпы, мүмкіндігі белгілі деңгейде шектеулі телеарна немесе жекеменшік киностудияға тарихи фильмді беру қаншалықты дұрыс?

**Қ.Олжай:** Баян ханымға бұл фильмді жеке менің шешімім болса, бермес едім. Бұл сұрақты сол кездегі телеарна басшыларына қою керек. Әңгіме неде? Егер бұл бір-біріне ғашық екі жастың өмірі десе, онда кино өтеді. Ешкімнің дауы болмас еді. Мәселе, қазақтың ең көркем «Қозы Көрпеш — Баян Сұлу» туралы жыры болып отыр ғой. Сондықтан өтпеді, маскара болды. Тарихи оқиға, тарихи тұлға туралы кино болса, онда жырда жазылған, аңыз-әңгімеде айтылған рамқадан шықпауы керек. «Қыз Жібектің» халыққа ұнағаны — жырдың нұсқасынан шыққан жоқ. Қайта жөнгесі мен Шегенің образдарын көркемдеп, фильмді байытып жіберді. Ал мына Қозы мен Баянның фильмінде жыр жоқ. Эпостың аты ғана бар. Фильмде дәстүрдің бұрмаланғанын, басқа да кемшіліктерінің бәрін айттым. Оны қайталап жатудың қажеті жоқ деп ойлаймын.

**Жас qazaq:** Әңгімеңізге рахмет!

Жарас КЕМЕЛЖАН







E-mail: [jasqazaq2019@mail.ru](mailto:jasqazaq2019@mail.ru)

[www.jasqazaq.kz](http://www.jasqazaq.kz)

## Талқы

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң - жыл жаңалықтары қатарында. Осыған байланысты тұрғын-үй саласында көптеген өзгерістер болмақшы. Бұған қоғам қаншалықты дайын? Заң талаптары қалай іске асырылады?

### ОРТАҚ МҮЛІККЕ – ОҢ КӨЗҚАРАС

Әрине, сауал қойған жақсы. Бірақ оның жауабы күрделі. Қалай дегенмен заңға қол қойылған соң, ол орындалуы тиіс. Сондықтан пәтер иелері кооперативін басқаратын азаматтар жана жүйені бірден еңсеріп кету оңай еместігін айтады. Ал қарапайым жұрт осы салада енді ғана әділдік орнайтынына сенімді. Осылайша қоғамда екі пікір қалыптасып отыр.

Айталық, Алматыдағы шағын ауданда пәтер иелері кооперативін басқаратын С. есімді азамат қазіргі жүйенің де жаман еместігін айтады. Жұмыстың қалыптасқан жүйесі бар. Жаңа заңға амалсыз бейімделу қажет. Бұл кооператив басшыларынан сауаттылық пен жауапкершілікті талап етеді. Демек еңсеретін жұмыс күрделі. Ол өз сөзінде: «Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласын реттейтін заң осы саладағы бірқатар мәселелерді шешеді. Оның ішінде көппәтерлі тұрғын үйлерді кондоминиум нысаны ретінде тіркеуді реттейді және оңтайландырады. Пәтерлер және тұрғын емес үй-жай иелерінің үйді басқарудағы құқығын қамтамасыз етеді. Көппәтерлі үйлерді басқарушылар мен басқарушы компаниялар қызметтерін реттеп, ортақ мүлікке күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізудің жана тетіктерін енгізеді. Пәтерлерді пайдалану, оларды тұрғын емес үй-жайларға ауыстыруда тұрғындардың келісімін алу сияқты мәселелерді шешеді. Бірақ осы мақсат жолында көбірек тер төгесіз», — дейді.

Шын мәнінде, мұның барлығы айтуға оңай көрінеді. Аткарылатын алуан түрлі жұмыс жеткілікті. Ең бастысы, көппәтерлі үйді кондоминиум нысаны ретінде тіркеу керек. Ол үшін жарғы дайындау қажет. Оны біреуге жаздырасыз немесе дайын жарғыны сатып аласыз. Жалпы мүлікті біріктіру бірлестігін құрасыз. Банктен есепшот ашасыз. Жеке есепшініз, сантехник, электрик, аула сыпырушы, еден жуушы қажет. Оларға жалақы төлемесеніз, тағы болмайды. Мұның барлығына қажетті қаражатты қайдан табасыз? Бұл үшін тұрғын үйлерден түрлі қызмет үшін жиналатын жарнаны еселей түскен жөн. 15-20 қабатты үйлерде тұратын тұрғындар мен 2 немесе 3 қабатты үйлерде тұратын отбасылардан жиналатын қаржы салыстыруға да келмейді. Мысалы, көлемі 50 шаршы метрлік 10 пәтердің әрқайсысынан айына әр шаршы метр үшін 22 теңгеден жиналық. Ол түкке жетпейді. Егер пәтердің әр шаршы метріне 150 теңгеден алсаңыз, міндетті түрде тұрғындар

көп сын айтылды, арыз-шағым түсіп келді. Көппәтерлі үй жаңа заңға сәйкес кондоминиум нысаны ретінде тіркелген соң, оның жалпы ауданы анықталады, мүлік иесінің әрқайсының жеке үлесі айқындалады. Сонда үйді басқаруда тең құқыққа ие болады. Пәтер иелерінің келісімінсіз жалпы мүлікті сатуға немесе жалға беруге заңмен тыйым салынады. Кейбір құрылыс компаниялары үйді тіркемей тұрып, жертөле, ірге қабаттар сияқты ортақ мүлікті сатып жіберетін болса, енді оған жол берілмейді.

Пәтерлер мен тұрғын емес жайлардың иелері басқарудың екі үлгісінің бірін таңдайды. Занды тұлға ретінде мүлік иелерінің бірлестігін (МИБ) құрады немесе барлығы бірлесіп

жұмыс істеуге дағыланғаны. Екіншіден, елімізде осы салада түйінді мәселелер көп болып тұр. Сондықтан пәтер иелері кооперативін 2022 жылдың ортасына дейін қалдыруға мүмкіндік берілтіпті. Бұл орайда «ТҚШ жаңғырту мен дамытудың қазақстандық орталығы» АҚ департаментінің директоры Марғұлан Әбдікәрімов бұқаралық ақпарат құралдарына берген сұхбатында: «Тұрғын үй кооперативтерін бір күнде жауып тастамаймыз. 2022 жылдың ортасына дейін уақыт беріледі. Жұмыс істеп жатқан ПИК тұрғындардың көңілінен шықса, ондай ПИК-ті қалдыруға мүмкіндігі бар. Бір айта кетерлігі, үйді жамап-жасқауға қажетті қаражатты жинау мәселесі біраз қатайды», — деді.

Алматы тұрғыны Дана Илиясова төрт қабатты ескі үйде ұзақ жылдан бері тұрады. Ол баспанасы туралы былай дейді: «Үйдің сыртына 7 жыл бұрын



## Салық жүйесі

Биылғы 1 қаңтардан бастап, Салық кодексіне сәйкес, елімізде барлық ақшалай есеп айырысу онлайн режимде жүргізілуі тиіс. Алайда бұл тапсырма толық орындалды ма? Осы сауалға толық жауап берген мемлекеттік кіріс комитетінің цифрландыру және мемлекеттік қызметтер департаменті директорының міндетін атқарушы Заңғар Шыңдали тапсырма толық орындалғанын хабарлады.



Ол primeminister.kz сайтына берген сұхбатында ел аумағында 640 мың бақылау-кассалық машинасы тіркелгенін айтты. Олардың 97 пайызы немесе 620 мыңы — онлайн кассалық машина. Салық төлеушілер саны бойынша 480 мың салық төлеуші ақшалай есеп айырысу кезінде онлайн кассаны қолдануға көшті. Жалпыға бірдей интернет желісі жоқ аумақтарда салық төлеушілер онлайн кассаны қолдануға міндетті емес. Бірақ қарапайым кассалық машинаны қолдануға міндетті. Алайда жеке тұлғалар, екінші деңгейлі банктер, халықаралық тасымалдарды жүзеге асырушылар және ақшалай есеп айырысуды мүлдем қолданбайтын салық төлеушілер онлайн бақылау-кассалық машиналарды қолданудан босатылады.

Бүгінге дейін 3 миллиардтан астам түбіртек тіркелген. Бұл тәсілдің артықшылығы — салық төлеуші салық органдарына бармай-ақ, онлайн кассаны тіркей алады, яғни оған ақшалай есеп айырысу кітабын толтырудың, сондай-ақ онлайн кассаға пломба қоюдың қажеті жоқ. Ол мұның барлығын қашықтан және фискалдық оператордың сайтында жасай алады.

Қазіргі күні 85 модельден астам бақылау-кассалық машиналары мемлекеттік тізімге енген. Қайсысы ыңғайлы екенін кәсіпкердің өзі таңдайды.

## Инфографика

### МАЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ 2019 ЖЫЛ


Мал шаруашылығы өнімдерінің жалпы өндірісі – **2306 млрд теңге**

(өткен жылдың сәйкес кезеңінің деңгейінен 12,5%-ға артық)

Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды субсидиялауға және саланың өнімділігін арттыруға бөлінген қаржы – **115,7 млрд теңге**

**840** отбасылық ферма

**82,2 мың** ірі қара мал басын сатып алуға несие алды



#### МАЛ БАСЫ

|       |                             |
|-------|-----------------------------|
| Жылқы | <b>2,8 млн бас (6,8%)</b>   |
| Қой   | <b>16,9 млн бас (2,7%)</b>  |
| Түйе  | <b>214,8 мың бас (3,5%)</b> |
| Шошқа | <b>822,2 мың бас (2,9%)</b> |

#### ЕТ ӨНДІРІСІ



|           |                             |
|-----------|-----------------------------|
| Сиыр еті  | <b>501,4 мың тонна (5%)</b> |
| Жылқы еті | <b>132 мың тонна (4,3%)</b> |
| Қой еті   | <b>152 мың тонна (0,8%)</b> |
| Шошқа еті | <b>86 мың тонна (0,3%)</b>  |

#### ҚҰС ШАРУАШЫЛЫҒЫ

|                     |                            |
|---------------------|----------------------------|
| Құс                 | <b>44,3 млн бас (2%)</b>   |
| Құс етінің өндірісі | <b>223 мың тонна (16%)</b> |



Дереккөзі: ҚР ауыл шаруашылығы министрлігі

# ТАЛАП ПЕН ТӘРТІП КҮШЕЙЕДІ



басқаратын қарапайым серіктестік ұйымдастырады. Екі түрінде де «бір үй — бір бірлестік немесе қарапайым серіктестік — бір шот» қағидаты жұмыс істейді. Демек әр үйдің тұрғындары өз қаржысын өздері пайдалана алады. Тіпті болмаған жағдайда үйді басқару міндетін басқарушы адамға немесе компанияға тапсырады.

Заң қабылданғаннан кейін орындалуы тиіс. Сондықтан алдағы уақытта бірлесіп жұмыс істеуге тура келеді. «Үй кеңесінің, ревизиялық комиссияның мүшелерін сайлап, қызметіне риза болмаса өкілеттіліктерін тоқтата алады. Үйді басқару формасын таңдап, шығын жоспары бекітіледі. Үйге күрделі жөндеу жүргізу, ортақ мүлікті жалға беру сияқты маңызды шешімдерді қабылдайды» деген кооператив басшысы осы салада қолдауға болатын ерекшеліктерді де айтты.

Заң талаптары бойынша тұрғын емес жайлар пәтерден окшауландырылады. Бөлек есігі болуы тиіс. Түнде тыныштық сақтау, айналадағы кісілердің мазасын алмау, беймезгіл уақытта шу шығармау, темекіні арнаулы орындарда ғана тарту сияқты талаптар көкейге қонымды.

Тұрғын үй-коммуналдық салада барлық бизнестің ашықтығын қамтамасыз ету және барлық тараптың өзара іс-әрекетін жақсарту мақсатында бұл сала цифрландырылады. Жалпы алғанда, жаңа заң көппәтерлі үйлерді күтіп-ұстауды жақсартуға, мүлік иелері

жөндеу жұмысы жүргізілген. Құбырлар шіріп тұр. Желдеткіш дұрыс жұмыс істемейді. Осыларға қазір жетпеген қаражат кондоминиумға біріккен жағдайда қалай жетеді? Төрт қабатты үйде тұрғындар да көп емес. Негізінен зейнеткерлер тұрады. Олардың пәтерінен әр шаршы метр үшін қомақты ақша талап ете алмайсыз».

Бұл сөздің де жаны бар. Ескі үйлердің бәрінде негізінен тұрмысы нашар отбасылар мен зейнеткерлер тұрады. Олардың біркатары қалалық әкімшіліктің тапсырмасымен жөнделген үйлеріне әлі күнге қосымша ақша төлеп келеді. Басқа да мұқтаждықтар жетіп артылады.

Қазір Алматыда 8 жарым мың көппәтерлі үй бар. Оларда 800 пәтер иелері кооперативі жұмыс істейді. Тұрғын үйді жақсы күтсін десең, ақшасын төлеу керек. Қазір пәтердің шаршы метріне төленетін 20-30 теңге теңізге тамған тамшы секілді.

Алматы қаласы ПИК қауымдастығының төрағасы Аркадий Рубцов бізге ойын былайша білдірді: «Әр шаршы метр үшін төленетін ақша қазіргіден әлдеқайда жоғары болуы мүмкін. Егер төлем гамбург есепшотына сәйкес есептелсе, және онда үйдің жалпы мүлкін күтуге барлық қажетті нормалар ескерілсе, бір шаршы метр үшін 40-50, тіпті 70 теңгені құрауы да мүмкін. Бұл жанашылдықтар жаппай тұрғын үй-коммуналдық реформасының бөлігі болып табылады. Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық туралы заң жобасын Парламент мақұлдады. Жаңа заң пәтер иелерінің өмірін өзгертеді. Өйткені олар ресми түрде басты қожайыны болып табылады. Біздің заң шығарушылар заң қатып қалған нәрсе емес, оны өзгертуге болатынын айтып отыр. Сонымен қатар ескі ПИК жаңа заң қабылданғаннан

кейін тағы үш жыл жұмыс істей алады. Революциялық өзгеріс күтпейміз. Бірақ халықтың құқықтық сауатын арттыру керек». Тек кондоминиум басқаратын адам сауатты, іскер, талапшыл болғаны жөн. «Тұрғын үй қатынастары туралы» заң пәтер иелерінен өз мүліктеріне ие болуды ғана талап етеді. Өйткені ол — ортақ мүлік.

Жаңа формат кейбір ПИК өкілдерінің көңілінен неге шықпауының басты себебі, олар бұрынғы жүйемен

Жолдасбек ДУАНАБАЙ



тарапынан шу шығады. Ал құбырларды ауыстыру, техникалық қызмет көрсетуге қанша шығын кететіні, тіпті белгісіз.

### КОНДОМИНИУМ КӨМЕКТЕСЕДІ

Дегенмен алдын ала даурығудың да жөні жоқ. Тұрғындар кондоминиумның тиімділігін уақыт өте келе түсінеді. Мәселен, бұған дейін ортақ мүліктің дұрыс пайдаланылмайтыны туралы

бірлестіктерінің қызметін жана деңгейге көтеруге, пәтерлер мен тұрғын емес жайлардың иелерін ортақ мүлікті пайдалана білуге, туындаған мәселелерді дер кезінде шешуге белсене атсалысуға ынталандырады.

### САУАТТЫЛЫҚ БӘРІН ЖЕҢЕДІ

Жаңа формат кейбір ПИК өкілдерінің көңілінен неге шықпауының басты себебі, олар бұрынғы жүйемен

Сұмдық қой!

Алматыдағы Алмалы аудандық сотында мамандар ірі көлемде алаяқтық жасаған бірнеше азаматқа қатысты үкім шығарды. Енді біреулеріне жаңадан қылмыстық іс қозғалды. Өкінішке қарай, алданатын азаматтар азаймай тұр. Біз қоғамды жайлаған дерт жөнінде судья Ернар Қасымбековтың айтып беруін өтіндік. Судья бізге алаяқтардың айласы мен тәтті сөзге сеніп қалған аңғалдар туралы әңгімелеп берді.

ДАРХАННЫҢ ДӘУРЕНІ

Алматылық Дарханды (*есімі өзгертілін алынды — ред.*) көрген кісі оны жібі түзу азаматтардың қатарына қосады. Оған қатысты төрт оқиғаны естіген кісі сенбеуі де мүмкін. Ол тұрмысын түзеу үшін бейтаныс қызбен заңсыз некеде тұрады. Жаны қиналып жұмыс істемеген, дәмді тамақ ішуге дағдыланған Дархан бойжеткеннің сеніміне әбден кіреді. Сүйіктісінің Елордаға қызметке ауысатындығын естігенде, оған тіпті қамқор болып, жылы сөзін де аямайды. Қыздың БМВ көлігі Сарыарканың сақылдаған аязында жүйткіп жүре алмайтынын, сондықтан жеер көлігін алуға кеңес береді. Сөйтіп, БМВ-ны сатуға қыздан сенім хат алады. Ақыры көлік көзден балбұл ұшады. Хабарсыз кеткен жігітін әзер тауып, көлігін не ақшасын қайтаруды талап етеді. Оқиға соны ұшыққан соң әлгі жігіті екінші қылмысқа күре жол салуды жоспарлайды. Ақыры жеер көлігін сатпақшы болғалы жүрген таныс азаматты қақпанға түсіреді. Өте қымбат көліктің 10 пайыз ақшасын беріп, темір тұлпарды бірден астанадағы сүйіктісіне жеткізеді. Көлік көрікті болғанымен, біраз жүрген соң ол қызға ұнамайды. «Ұнамаса, басқасын әперемін», — деп сендірген ол атан түйедей көлікті сатуға алып кетеді. Соңында қыз екі көлікке де зар боп қалады. Осы арада сөзге шебер жігіт жеер иесінің екінші көлігін де саудалап жібереді.

Бұрын атақты компанияда қызмет істеген Дархан енді кезінде бір бөлмеде екі жыл қызметтес болған танысын айналдырады. Әріптесіне жалақысы жоғары жұмыс тауып бермекші болады.



бір адамдармен алдын ала сөз байласу белгісі бойынша 6 жыл 8 айға сотталды. (*Негізі 5 жылдан 10 жылға дейін*). Орташа режимдегі түзеу мекемесінде жазасын өтеуде. Кез келген материалдық залалдың барлығын сотталушыдан жәбірленушілердің пайдасына өндіріледі. Осы жерде неге 6 жыл 8 ай деген сұрақ туындайды. Себебі Қылмыстық кодекстің 55-бабына сәйкес жазасын ауырлататын мән-жай болмаса, тең жеңілдететін жағдай болса, онда жаза мерзімі осы көрсетілген мерзімнің 3-тен 2-інен аспауы керек. Осы жағы ескерілген. Бұған сотталушы да, туыстары да наразы

ойындар заңсыз, алаяқтық қатарына жатады. Алайда күндердің-күнінде атакты адамдардың өзі темір торға камалып жатса, оған еш таңғалмаңыз. Соған қарамастан, елді еліктірудің, желіктірудің жолы жабылмай тұр. Олардың арасында Жайнаны жолда қалдыратындары да болуы мүмкін.

ЖҰМЫС ІЗДЕГЕНДЕР ЖОЛДА ҚАЛДЫ

Тезірек баюға бел буған жігіттердің бірі — Асхат Сәбитов. Қызылорда облысының Қазалы ауданында туып-өскен. Алматыда жұмыс істейді. Бірақ жалақыға жари қоймаған соң, өз бетінше ақшасы көп жұмыс іздейді. Тіпті табылып жатса, шетелге кетіп қалтасын компайтқанды жөн көреді. Сөйтіп жүргенде жас жігіт танысы Әйгерім Құлықбаева екеуі әлеуметтік желілерде жарияланған жарнаманы ұнатып қалады. Әлемнің дамыған елдерінен жалақысы жоғары жұмыс тауып беруге уәде еткен «Ортокласс» компаниясына хабарласады. Бұл туралы өзі былайша баяндап берді: «Ольга Кузьмищеваның басшылығымен жұмыс істеген топ бізді қабылдау барысында өз қызметтерімен қатты қызықтырды. Жайлы жер, қомақты ақша табуға болады. Біз секілді 70 шақты азамат та шетелге кетуге өтініш берген екен. Әрине, бұл алаяқтық екенін кейін білдік.

Данияға барып жұмыс істеу арманымыз еді. Ольга Кузьмищеваны жақсы танымын. Ол менің ұсынысымды қолдап, көмектесетіндігін айтты. Әйгерім кеңес алу үшін 1 шілде күні арнайы барды. Ольга, Темірлан және Равшан компанияларының артықшылығын айтып берді. 45 күн ішінде жұмысқа орналастыра алмаса, барлық қаражатты толық қайтаратындықтарына кепілдік берді. Әйгерім де, мен де Ольга Кузьмищевмен келісімге қол қойып, 1 332 000 теңгемізді санап бердік. Құжат жинай беруді тапсырған таныс та бейтаныс қыз жақын арада хабарласатындығын айтады.

Құжат әзір болған соң Данияға кететіндігімізді, тіпті тұратын жер мен тіркеуді де әзірлейтіндіктерін жеткізген Ольга содан хабарсыз кетті. Тек бірде телефон шалғанда виза беру орталығына келуге ұсыныс жасады. Бұл жерде оның таныстары виза мен жұмыс орны және банктен ашылған есепшот туралы құжатты қолдан жасап қояды. Ақыры Даниядан, бірақ шығалды. 18 шілде күні бөгде елге түнделетіп жеттік. Қонақүйге орналастық. Осы жерде жұмыс берушілер келіп, олар болашақ жұмыс орнына алып кетпекші болған.

Алайда арада бір апта өтсе де, ешкім хабарласпады. Былайша айтқанда, далада қалдық. Біз телефон шалғанымызда ұйымдастырушылар жұмыс орнында басшылық ауысып жатқанын, күте тұруды ұсынды. Ақырында хостелге орналасып, сол жерде 12 күн күтеді. Визамыз 4 тамызда бітетіндіктен елге қайта оралдық. 5-і күні бірден офиске барғанымызда Ольганың өзі қарсы алып, енді Норвегияға баруды ұсынады. Одан бас тартқанымызда тиісті қаражатын 30 күнде қайтаратындықтарын айтты. Ақша да жоқ, басқа да жоқ болған соң полицияға шағымданатынымызды айтып, компанияны аяғынан тік тұрғыздық. Олар мұндай жағдайда ақшаны мүлде қайтармайтындықтарын айтты. Ақырында сотқа жүгіндік. Біз секілді алматылық 70 азаматтың шағымы сотта жатыр».

Осы мәселеге қатысты бізге түсініктеме берген сот мамандары «Ортокласс»-тың орнын сипап қалғандардың бәрі ірі мөлшерде қаражаттарынан айырылғанын айтады. Шетелге барып шаш етектен табыс табамыз деген жұрттың бір бөлігі енді сот жағалап жүр. Ал Ольга болса, қолхатпен үйінде отыр. Жалпы саны 300-ге жуық азаматты сазаға отырғызған компанияға қатысты қылмыстық істің алғашқы отырысы өтті. Кінәлілердің қаншалықты жазалатынын уақыт көрсетеді.

Жолдасбек ДУАНАБАЙ

Өмірдің өзінен

LEXUS МІНГЕН КҮН

Осыдан біраз күн бірге қызметтес болған құрбымды кездестіріп қалдым. Амандық-саулық сұрасқаннан кейін Дариға құрбым бір әңгіменің шетін шығарды.

— Айтпақшы, сен газетте жұмыс істейсің ғой иә, — деді таңданып.  
— Иә, Jas qazaq газетіндемін, — дедім тосыннан қойған сауалына.  
— Онда мен саған бір әңгіме айтып берейін, басқалар да білсін, арандап қалмасыншы, жаз! — деді жұртқа жаны ашығанын білдіріп.  
— Не болды, қандай жағдай тыныштық па? — дедім менде абдырап.  
— Біздің үйдегі отағасы Асқар (*есімі өзгертілген — ред.*) осыдан бір ай бұрын алаяқтарға алданып қалды. Сол туралы айтып берейін. Менің күйеуім сияқты аңқаулардың қаншасы алданғаны белгісіз, — деген құрбым әңгімесін бастап кетті.

Асқар көлік жүргізушісі ретінде жұмыс іздеп, өзі туралы ақпаратты OLX сайтына тіркейді. Ерtesінде-ақ жұмысқа шақырып, өздерінің қызметін ұсынғандар көп болды. Айлығы жоғары болғанын жөн көрген күйеуім жұмысқа алушыларды өзі тандай бастады, — деп, құрбым күліп қойды.

— Содан не керек, жұмыста отыр едім «Дариға, мен енді «Lexus-270» көлігін тізгіндейтін болдым. Айлығы 200 мың теңгеге жуық болады. Енді қазіргідей қиналмаймыз, пәтеракыны да дер кезінде төлейміз, несиеден де құтыламыз» деген жолдасы қуанышын жасыра алмады.

Мен де шынымен қуанып, жақсылап ақ жейденді киіп ал, бастықтар киіміне қарайды, құжаттарыңды да дұрыстап түгендеп апар дедім.



Күйеуімнің жақсы жұмысқа орналасатынын көз алдыма елестеттім. Лексуспен жүйткіп Алматыны аралап жүргенімізді ойлап қиялға беріліп қоямын.

Жолдасыма қайта қонырау шалып:

— Енді жұмыс берушімен қашан сұхбаттасасың, мекенжайын айтты ма? Қашан барасың? — деп тықайтай бастадым.

— Халыққа қызмет көрсету орталығынан барлық анықтаманы алдым, енді №86 медициналық анықтама жасататын адам керек, соны шешсем болды — деп қояды. Көңіл-күйі көтеріңкі екенін даусынан сезіп тұрмын.

— Жұмыс беруші тездетіп құжаттарыңды әкел, ертен жұмысқа кірісесің, мәшинені алып кетесің деді.

Жұмыс берушіне хабарласып құжаттардың бәрі дайын, тек №86 медициналық анықтама кейінірек өткізуді сұрап көр, бәлкім, кейінге қалдырарсың. Бүгін үлгерсе алмассың...

Бір уақытта жолдасым қайта хабарласып: «Бастықтың Гуля деген танысы бар екен. Достық көшесіндегі №5 емханада дәрігер, соған хабарлассан, медициналық анықтама жасап береді деді, — деп мәз боп тұр.

— Жаналық болса, хабарласарсың, — дедім жолдасыма.

Біраз уақыт өткеннен кейін тағатсызданып, өзім қайта қонырау шалдым.

Телефонның арғы жағындағы дауыс: «Уайымдама! Гуляға хабарласып едім жиналыста екен. Қазір телефоныма 3500 теңге салып жібер, дайын болғанда өзім хабарласамын деді. Гуляның телефонына 3500 салып, чегінің суретін де жіберіп қойдым, енді хабар күтіп отырмын, — деді.

Бір сағат өтті-ау дегенде жолдасым Гуляға хабарласса, телефоны сөндірулі. Жұмысқа аламын деген жігітке хабарласса, оның да телефоны сөндірулі. Бәлкім, телефондарын қосып қалар деген үмітпен жолдасым әлгі емхананың алдында 3 сағат отырады. Ал жұмыс беруші мен, дәрігер Гуляның нөмірі содан бері қосылған жоқ. Байланыс аясынан тыс жерде.

Дариғаның айтып отырған әңгімесін бұрын да талай кісіден естігенмін. Шынымен елімізде Асқар секілді бармағын тістеп қалғандар мыңдап саналады. Келешекте қаншама адам тағы да тақырға отырады. Бір қарағанда 3500 теңге аз секілді. Алаяқтар осындай тәсілмен де жансақтайды екен. Асқар өзі хабарласқан нөмірлерді тексеріп тексеріп тексеріп, Медеу аудандық полиция басқармасына барыпты. Тәртіп сақшылары ондай оқиғалар өте көп, өзің секілді азаматтарды алдаған адамдардың біразы абақтыда отыр, — деп шығарып салыпты.

Кайтейік, алаяқтардың асығы алшысынан түскен заман болып тұр...

Мақпал НОҒАЙБАЕВА

КҮЛІП ЖҮРІП ҚҰРТАДЫ

«Мекемедегілердің бәрін танымын. Жеке кабинетін, жеке хатшың болады. Жалақысын мен айтпайын, сен сұрама» деген алаяқ ана жақтағыларға 20 миллион теңге беру керектігін құлаққағыс жасайды. Танысы тандайын қаға отырып, туған бауырынан 20 миллион теңге алып беруге кіріседі. Ақшаны алып келген ол Дарханнан қолхат талап етеді. Сол қағаз ғана Дарханның дәурені біткенін айғақтап берді. Ал лауазымды қызмет пен қомақты жалақы бос сөз боп шықты.

Тіпті оның бұрын прокурор болып істеген азаматты да сазаға отырғызғанын кез келген кісі білмейді. Бұрынғы таныс прокурорға: «Мен бірге 300 миллион теңге қарыз едім, соны төлеуге жәрдем беріңіз. Берген ақшанызды аз уақытта үстемесімен еселеп қайтарамын», — дейді. Зардап шегуші азамат танысының үстеме ақшаның қомақтылығына іші жылып қалады. Осы тәсілмен бұрын қарыз болған азаматтарға берешегінен құтылып, екінші жолмен ақша жасауды ойластырады. Осылайша прокурор арқылы бар қарызын жапқызады.

Жылпос жігіттің барлық әрекеті аса ірі көлемдегі қылмыс қатарына жатады. Оның сүлікше сорған қаражаты Қылмыстық кодекс бойынша 4 мың айлық есептік көрсеткіштен асып кеткен. Бұл шамамен — 11 миллион теңге. Алаяқ жігіт бір оқиғаның барысында 50–60 миллион теңгені қалтасына салып отырған. Ол сот барысында кінәсін мойындамауға тырысты. Дегенмен, жәбірленушілерге жазып берген қолхаты, ватсаппен жазған аудиожазбалары оның кінәлі екендігін дәлелдеді. Бір емес, екі адвокатты бұл істі азаматтық-құқықтық қатынастарға ауыстыруға тырысты. Алған ақшасын қарыз қатарына жатқызбақшы болды. Ал мына жағдайда ол қарыз боп есептелмейді. Осы іске қатысы бар ағасы Америкада қашып жүр. Тіпті қамауда жатқанда адвокаттары екі рет арыз жазып, ешқайда кетпеу туралы қолхатпен босатуды сұрады. Сотқа өздері әкелетіндіктеріне кепілдік берді. Қудіктің «денсаулығы нашар еді» деген де шағым айтылды. Мұндай жағдайда дәрігерлік көмек кез келген жерде көрсетілетіндігін хабарлар еттік. Қысқасы, қылмыскерді құтқаруға қанша әрекет жасалғанымен, оған мүмкіндік берілмеді. Қылмыс жасалды ба, жаза тартасын. Соттағы әділдік осындайдан басталады.

Қудікті жәбірленушілердің қарызын төлеп беруден бұрын кешірім де сұрамаған. Қылмыстық кодекстің 190-бабының 4-бөлігінің 2-тармағы — аса ірі көлемді алаяқтық жасау және ағасының қатысуы, сондай-ақ белгілі



болды. «Өте қатал жаза» деп есептеді. 5 жылға соттау ұсынылды. Олар қалалық сотқа шығымданғанымен, заң өзгеріссіз күшінде қалды.

ЕСІМІ ЖАЙНА, ТІЛІ МАЙДА

Қаралып жатқан қылмыстық істің тағы біреуі, тіпті қызық. Кезінде үлкен мекемеде қызмет істеген Жайна есімді қыз (*есімі өзгертіліп алынды — ред.*) жұмыстан шығып қалса да, таныстарына сол жерде істейтіндігін айтып жүреді. Бірде танысына «бір жерден тендер шығып тұр, егер маған 10 мың доллар әкеп берсең, екі айдан соң 15 мың доллар етіп қайтарып беремін» дейді. Алғашында 10 мың доллар берген танысы екі айдан соң 15 мың долларды қолына алғанда, өз көзіне өзі сенбейді. Бұл ынталандыру әлгі кісіні, тіпті қызықтыра түседі. Бірде өзі телефон шалып, 15 мың доллар берсе, қанша еселеп қайтаратынын сұрайды. 23 мың доллар! Арада екі ай өткенде мұны да қолына алғанда, көзі оттай жанған азамат өзі түгілі таныстарын да еселеп ақша жасауға тартады. Әрқайсысы 100-150 мың доллардан ақша ұсынады. Ең көбі 350 мың доллар қомақты қаражат салғанда, күдікті хабарсыз кетеді. Осылайша, ондаған азаматқа 1,5 миллион доллар көлемінде залал келтіреді. Қазір осы іске қатысты сот аяқталуға таяу.

Негізінен, әйелдер алаяқтық барысында әдемілігін жиі пайдаланады. Алдында ер мен әйел қатар тұрса, әрине, әйелге сенім артатындар көп. Бұл жолы да солай болған. Тіпті әркім бір кіре алмайтын бұрынғы қызмет орнының табалдырығын еркін аттап жүрген соң, бұл аруға сенім, тіпті күшейеді. «Алтын табакпен» ақша әкеліп жүргендерден бұл қалай бас тартады? Ал адамдар заңсыздыққа өздері жол беріп, артынан аһ ұрып қалады. Қазір әлеуметтік желілерде күнде жарияланып жатқан





E-mail: jasqazaq2019@mail.ru

# KÓKEIKESTI

www.jasqazaq.kz

## Мәселе

### Красный Яр селосының іргесіндегі

**Нұрлы көш ауылының басынан дау арылмай тұрғалы әлденеше жыл. Баспаналарды пайдалануға берілісімен-ақ күңкіл көбейген. Соңы аттанданған ащы айғайға ұласты. Әйтсе де, әлі күнге дейін шешімін таппай келеді.**

Сол жерге біз де бардық. Көрдік. Шынымен айғайласа айғайлағандай екен. Заманында не бары үш-төрт айдың ішінде апыл-ғұпыл салынған үйлердің алды

бөліне тұра кешендегі үйлердің қабырғалары солтүстіктің 40 градус қысына мүлдем шыдас бермейтін гипсокартон, пеноплекс,

ауырады. Үйлерді калпына келтіру үшін тұрғындар өз қаражатынан жылда жөндеу жұмыстарын жасайды екен. Соңғы уақытта кейбір үйлердің төбесі құлап, жөндеу жұмыстарын жасауға мүмкіндіктерінің жоқтығы анықталды. Үйлердің көбі апаттық жағдайда. «Бастапқыда 276 отбасы «Сарыарқа» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясымен әр айға 7 мың теңге жалға алу қаражатын төлейтін болып келісімшартқа отырған. «Сарыарқа» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы банкрот болып, одан кейін «Көкшетау қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлім» мекемесінің солтүстіктің 40 градус қысына мүлдем шыдас бермейтін гипсокартон, пеноплекс,

берешегі 32 миллион теңгені құраған», — деді М.Бактиярұлы. Сонымен қатар депутат осы уақытқа дейін олардың тұрғын үйлерін жер телімдерімен

бірге тұрғындардың меншігіне берудің жолы қарастырылмағанын айтты. Сондықтан кешендегі тұрғын үйлердің бүгінгі күнгі нақты бағасын анықтау мақсатында жылжымайтын мүлікті бағалайтын арнайы комиссия құрып, апаттық жағдайдағы тұрғын үйлерге жөндеу жұмыстарын жасауға мүмкін емес үйлердің тұрғындарына жер телімімен бірге жекеменшіктеріне беру жолдарын қарастыру керек. Сонда ғана бұл мәселе толыққанды шешімін таппақ екен.

Бұл мәселе туралы облыс әкімі Ермек Маржықпаев Премьер-Министрдің орынбасары Р.Склярға да хат жазған. Онда былай делінген: «2010 жылдан бастап Нұрлы көш ауылының тұрғындарынан шағымдар түсе бастады. 2010-2011 жылдары электрмен жабдықтауды сыртқы инженерлік желілері тартылды. 2012 жылы бірнеше тұрғын үйлерге жөндеу ішінара жөндеу жұмысы жүргізілді. 2016 жылы 84 пәтер жылытылды. 2016 жылы осы ауылда фельдшерлік- акушерлік

пункт пен полиция пункті ұйымдастырылды. Қазіргі уақытта 137 тұрғын үйдің 35-і күрделі жөндеуді және 102-і ағымдағы жөндеуді қажет етеді.

Әкімнің хатында аталып көрсетілгеніндей, ауылдағы үйлердің барлығын жөндеу қажет. Тұрғындардың айтуына қарағанда, соншалықты жауапсыздықпен салынған үйлердің кейбірінде, тіпті іргетас та жоқ. іргетасы болмаған соң қабырғалары сөгіліп, жылтыраған жарықтардан дала көрініп тұр. Қабырғаның жарылып кеткен жерінен бос бөтелке, ескі киім-кешек дейсіз бе, талай «қазына» шығып жатыр. Қуыс-қуыстан жел саулап тұрған соң қабырға Арқаның ақырған аязына қайдан шыдасын.

«Сапасыз салынған үйлерге ең алдымен техникалық тексеру жүргізу қажет. Ол үшін 2020 жылға 15,7 миллион теңге қаражат қарастырылып отыр», — дейді Красный Яр селосы округінің әкімі Нұрлан Айсін. — Тұрғын үйлерді техникалық жағынан толық тексеріп болған соң жөндеу жұмыстары жүргізіледі.

Тұрғындардың айтуынша, бұл үйлер енді баспана болып жарытпайды. Егер мемлекеттік деңгейде комиссия құрылып, тұрғын үйлердің жарамсыздығы дәлелденсе, қалқайып тұрған қарасынды сүріп тастап, жер теліміне өздері үй салып алуы керек.

Алайда, бұл мәселе жергілікті жерде шешілетін емес. Ендігі үміт жоғарыдағылардың жанашырлығына, колдауына байланысты.

**Байкен КӨБЕЕВ,**  
*Ақмола облысы*



## Таным

Абайдың «Әуеде бір суық мұз — ақыл зерек», «Кейде есер көңілі құрғырын», «Малға достың мұны жоқ малдан басқа», «Алла деген сөз жеңіл», «Менің сырым, жігіттер, емес онай», «Жүреkte көп қазына бар бәрі қызық», «Әсемпаз болма әрнеге», «Адамның кейбір кездері», әсіресе 17-қарасөзде ақыл, қайрат, жүрек, рахым, әділет жайлы ой толғаныстарының бір ұшы толық

адам туралы пікірлерімен іштей тұтастып жатқан түбірлі ұғымдар. Жоғарыда аталып өткен шығармаларында Абай ғылым атынан жүректің культін көтере танытқанда, шешуші орынды рахым-шафағат, мейір-махаббат, әділеттің қайнар көзі ретіндегі жүрекпен ұштастырып отыратын ойларында аталған пікір төркіні мен мұндалап тұрады.

Толық адам (*толық инсан*) — дегеніміз Абайдың танытуында, әрбір адам ақылмен, білімімен, мал-дәулетімен біреулерге әділет, шафағатымен жақсылық жасау немесе ақыл, қайратты жүректің қалауымен жүргізіп, оларды тек ізгілікті істерге қызмет еттіру жолы боп шығады. Кімде-кім осы: «...жолға жүруді өзіне шарт қылып кім қадам басты ол ...толық адам делінеді». 1. 207-6 — деп, ең басты ой байламын жасайды. Бұл пікірлерінің негізгі желілері Абайдың бүкіл ағартушылық-гуманистік көзқарасынан туындап, шығар көзін жоғарыда таратылған адамдық үш сипаттан тартады. Бұл бүкіл ақын шығармаларының бойына жылылық беріп, таралып жатқан толық адам жайлы ойларымен терен түрде сабақтасып жатады.

Абай толық адам жайлы танымын, тіпті адам образын жасау арқылы беруді де ұмытпаған. Бұл әрекеті, әсіресе көп үміт күткен баласы Әбдірахман жөніндегі арнау өлеңдері мен хакімдер жайлы пікірінен де көрінеді. Мысалы, ғылым, рахым, әділет сияқты үш қастерлі сипатты менгерген жастың үлгі-өнегесі ретіндегі ойын «Жаңа жылдың басшысы — ол» деп бағалайтын Әбдірахман образы арқылы көрсеткісі келеді:



**175 ЖЫЛ**

ұлы Абай Құнанбайұлының мерейтойы

*Ғылымға ойы зеректі...*

*Ғылым оқып білгенше,*

*Тыным, тыныштық таппапты,* — деп қазақ даласы сусындап отырған ғылым-білімді менгеруге ұмтылған жастың әрекет үстіндегі тұлғасын көз алдымызға келтіреді. Немесе рахым, әділет іспеттес адамшылық қасиетті бойына ұялатқан Әбдірахманды:

*Тура сөзді жақтаған,*

*Бала айтса да хақ сөзді*

*Бұрылмастан тоқтаған,* — деп, шыншыл,

«әділетшіл, мінезін сүйсіне жырлайды. Әбдірахман бойынан ғылымды, әділетті сипаттарды көріп қана қоймай, сол қасиетіне жарастықты мейір-махаббат, рахым-шафағаттың қоса өрілгенін:

*Аямаған ғаріптен*

*Қолдан келген көмекті.*

*Бөтен көзден көрсе жас*

*Ойнаймын деп күлдіріп....*

*Дүниеге көңілі жоқ,*

*Ағайынға бауырмал,* — болу жолына түскен

толық адам тұлғасына тән қасиеттердің тұтас қамтылғанын аңғарамыз.

Абайдың толық адам мен пенделіктің көмәләттығы туралы карама-қарсы екі бағыттағы, келісімсіз, табиғаты жат екі жолдың қайшылығы туралы ойларында да терең мағыналы таным жатыр. Өйткені, жауанмәртлікке тән үш сипатқа ғашық болмақты әулие-әнбиялар, памғамбарлар үйретті. Бірақ олар «Ухрауи (*ақыреттік, о дүниелік*) пайдасын ғана күзетті», — деп, олар пенделіктің көмәләттығы деген о дүниелік жолды мақсат тұтқан суфизм бағытын ашып көрсетеді:

Пенделіктің көмәләттығы — дегеніміз Абай танытуында, бүгінгі, өмірден қол үзіп, о дүниелік жалған жолға түскен, қоғам мен адам тіршілігіне пайдасыз, ғұмырсыз үміті үзілгендердің жолы. Бұл Абай шығармаларында тілге алынатын иманигул ұғымындағы екінші сүю, яғни «Сенде сүй ол Алланы жаннан тәтті» деген танымға кеп тіреледі. Мұны Имам Ғазалидің сөзімен айтсақ: «Адамның бақыты құдайды танып, оған пенделік етуде», 3. 54-55-6 — дейтін ойгілі сарынға әкеп соғады. Бұл іспеттес пенделіктің көмәләттығына бағыттайтын тақуалық жолды Абай ұсынбайды, қайта ол жолды қатерлі, ғұмырсыз өлі жол деп білгендіктен: «пенделіктің көмәләты әулиелік бірлан болатұғын болса, күллі адам төркі дүние болып бу деп тарихатқа кірсе, дүние ойран болса керек. Бұлай болғанда малды кім бағады, дұшпанды кім тоқтатады, киімді кім тоқиды, астықты кім егеді... Олай болғанда да ол жұртта ғұмыр жоқ болса керек», 4. 211-6 — деп, діни әдебиетте ғасырлар бойы дәріптеліп келген пенделіктің көмәләттығы деген діни моральды батыл теріске шығарады.

Пенделіктің көмәләттығын дәріптеп келген жолға Абай камилиинсани (*толық адам*) жолын ұстанған хакімдерді қарсы қояды. Өйткені: «Бұлардың ісінің көбі — дүние ісі», — деп адамшылықтың басты белгілерін хакімдер жолынан табады.

Абай толық адам, жарым адам, толық инсан, пенделіктің көмәләттығы, көмәләт ғазамат жайлы қазіргі оқырман ұғымына бейтаныс аса күрделі ойлар желісін кейде діни ұғымдармен ұштастыра қарағандай әсерде қалдыратыны бар. Осы ерекшелікті өз заманындағы тыңдаушыларының ұғымына сіндіре отырып, мораль философиясы негізіндегі гуманистік мұрат-мақсаттарын таратуға ұмтылған Абай әрекетін Мұхтар Әуезов: «...аштық, айқын діншілдік үгіт сияктанып басталған сөз ақынның өз ұғымындағы үлкен моральдық философияның тәрбиелік талаптарына кеп қосылады. Ендеше бұл сөздің де түп мазмұн мақсаты адамды жақсы етіп шығаратын қасиет-сипаттарды жеткізе түсу», 4. 203-6 — деп, көп нәрсенің өзекті желісін қолына ұстатқандай бағыт-бағдар береді. Толық адам ұғымына М.Әуезов балама сөз ретінде «нравственная личность» деген сөз оралымын қолданып отырады. Толық адам жайлы Абай ойларының төркіндерін осы тұрғыдан нақтылы танып білмейінше, ұлы ақын шығармаларын терең бойлап түсінудің өзі екі талай.

**Мекемтас МЫРЗАХМЕТҰЛЫ,**  
*абайтанушы*



белгілі болды.

Кешендегі тұрғын үйдің орташа құны 3 миллион 200 мың теңге болып есептелген. Жергілікті әкімшілік пен тұрғындар арасында баспана сатып алу шарты ретінде, банктен несие алып, ай сайын 25 мың теңге көлемінде несие және 7 мың теңге жалға алу қаражатын төлеп тұру

келісімі де жасалған. Бірақ, тұрғындардың көпшілігі

құлай бастапты. Көп уақыт та өтпеген. Небары он-ақ жыл. Осы уақыттың ішінде дәл осылай тозуы мүмкін емес. Анығында сапасыз салынған. Әсірелеп айтқанда, желді күні жаланап тәніне жыртқы-жыртқы шапан киген тәріздісің.

— Етек-женінен саулаған жел жүрегінді тондырады, — дейді ауылдағы бастамашыл топтың жетекшісі Жырғау Туғанбай. — Біздегі ең басты мәселе осы болып тұр. Рас, одан өзге де тұрмыстық қарекеттер бар. Мәселен, автобусты жиірек қатынату, балалар бақшасын салу, көктем мен күзде ми батпаққа айналатын жолды жөндеу, ауыз су деген тәрізді. Бірақ, адам баласы бәріне бірдей шыдай береді ғой. Көніп, көндігіп келеміз. Тек баспаналарымыздың шаңырағы ортасына түсейін деп тұрғаны шошытады. Мен анық білемін, осы Нұрлы көш ауылы тұрғындарының кейбірі үйлерін жөндеу үшін 5-6 миллион теңгеден қаражат жұмсады. Тау асып, тас басып келген ағайынның қалтасы барлығын бірдей көтере бере ме? Он жыл бойы оңала алмай келеміз.

Осы мәселе жөнінде таяуда Нұрлы көш ауылының тұрғындарымен кездескен сәтінде сенатор Мұрат Бактиярұлы Үкімет басшысы Асқар Мәминнің атына депутаттық сауал жолдағанын айтты. Депутат үн қатуына Красный Яр ауылдық округіндегі «Нұрлы көш» бағдарламасы бойынша қыс айларында мүлдем тұруға жарамсыз, сапасыз салынған үй тұрғындарының шағымдары мен осы мәселеге қатысты Дүниежүзілік қазақтар қауымдастығынан комитеттің атына келіп түскен хаты негіз болған. Сенатордың айтуынша, Нұрлы көш тұрғындарының мұң-мұқтажын есту үшін

панельден, пескоблоткан салынған», — деген болатын



депутат Сенаттың жалпы отырысында.

Депутаттың сөзіне қарағанда, үйлердің қабырғалары өте жұқа, арасы қуыс. Тұрғындар қыста тоңып, үйлері суық болғандықтан, туыстарының үйінде тұруға мәжбүр, көбісі түрлі дертпен

үйлерінің апаттық жағдайда болуына байланысты және әлеуметтік жағынан әлсіз топтар қатарына жатқандықтан, төлемнен бас тартқан. «Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ мәліметіне сәйкес, осы кезде тұрғындардың





Мерейтой

Қолына  
қалам алып, жазуға  
құлшынған жас талаптың сөз  
машығына жегілгенде әлдекімге  
еліктеп, өнеге іздейтіні әдепкі іс. Аты мәшһүр  
тұлғаны үлгі тұтып, әр жазғанынан өрнек табу –  
шығармашылыққа ынтыққан жастың қай-қайсысына  
да ортақ соқпақ. Журналистиканың ғылыми мектебіне  
үңіліп, алаш арыстарының көсемсөзіне құныққанда біз  
де осы сұрлеуде із шиырлап едік. Сонда ғылыми-зерттеуге  
талпынған бізді әлеуетімен тәнті еткен – Намазалы  
Омашұлы болатын. Бай да мазмұнды биографиясын  
оқыған сайын «Шіркін, біздің де ғұмырбаянымыз осылай  
өрілсе екен» деп тамсанатын едік. Әрине, ҚазҰУ  
қабырғасында жүргенде болашақта Намазалы  
ағайдай тұлғаның ғылыми ұстаханасынан  
шыңдалып, төл шәкірті ретінде тәлімін алу  
бақытына ие болатынымызды ол тұста  
үш ұйықтасақ та түсімізде  
көрмедік.

Намазалы ағаның есімі бізге ҚазҰУ-ды  
абитуриент болып аттаған 2004 жылдан бері  
етене таныс. Студент кезімізде ғалымның  
тікелей дәрісін тыңдап, ұстаз-шәкірт  
ретінде сұхбаттасудың сәті түспеді. Ол  
журфактың декандығынан университеттің  
идеология саласына жауапты  
проректорлық қызметке ауысқандықтан,  
біздің буынның бұл бақыттан салымы бола  
қоймады. Десе де дәрісін тыңдап, құлақ  
құрышымызды қандыра алмағанымызбен,  
журналистика негіздері мен теориясын  
тануда ең алдымен Омашұлы еңбектерін  
қолымызға алдық. «Радиожурналистика»  
оқулығы мен «Ақпарат әлемі», «Қазақ  
журналистикасының» үш томдығы оқу  
құралдарының қай-қайсысында да журфак  
студенттері қааламының табы аз қалған  
жок. Астын сызып, жіңіртеп оқығанның  
арқасында оқытушылардан лайықты баға  
ала алдық.

Шәкірттік шақта біз ұстазымызды  
сирек көретінбіз. Тек университеттің  
наурыз мерекесі сияқты ірі мерейтой  
мен айтулы шарада болмаса, былайғы  
уақытта ол кісі бізге бөлек әлемнің  
адамы сияктанатын. Өзіміз де көзіне  
түспеуге тырысып, именетінбіз. Алайда  
мінберде, түрлі жиналыс-мәжілісте  
сөйлеген сөзінен проректорымыздың  
ойы шымыр, сөзі мірдің оғындай өткір  
әрі кесек екенін аңғарушы едік. Оған  
қоса қатұлы қабағы, нық та ширақ жүрісі  
алуынды бітімін менмұңдалатып тұратын.  
Дәлірегі кімді де болса ықыратын.  
Университеттің әкімшілік ғимаратына



Қазақтың ұлттық дүниетанымы мен  
дәстүрлі түсінігінде ниет-тағдыр, сөз-  
несібе деген әулиелік түсінік бар. Бұл  
ұғымдардың мәні «тәңір тілеуі – пенде  
тілегінен» деген асыл сөзбен астасалы.  
Сөздің кие тұнған қасиетінің сәулесі  
түскендігінен болар, бір ауыз ойдың  
ұшқыны біздің де тағдырымызға әсер  
етіп, журналистика корифейінің алдына  
жетектеп әкеліп еді.

2009 жылдың мамыр  
айында «Айқын»  
газетіне «Қазақ  
журналистикасының  
пәрменділігі – мақтамен  
бауыздау ұғымына сиып  
жатыр» атты сұхбат

# ҰЛАҒАТТЫ ҰСТАЗ

НАМАЗАЛЫ ОМАШҰЛЫ 70 ЖАСТА



онсыз да бас сұқпайтын біз окта-  
текте ұстазымызды кездестіре қалсақ,  
беттеп амандасуға батылымыз жетпей,  
қадамымыз еріксіз тежелетін. Студент  
шағымыздағы ұстаз бейнесі осылайша  
күрмет әрі жасқану сезімімен даралана  
түсті. Бұл танымымыздың беки түсуіне,  
менінше, оқытушыларымыздың да  
әсері аз болмаған сияқты. Орталық Азия  
бойынша ЮНЕСКО кафедрасының  
тұңғыш рет өзіміз оқып жатқан журфакта  
ашылуы, журналистика факультетінің  
өз алдына жеке тәртіптік кеңес құруы  
сияқты ірі табысы туралы жиі еститінбіз.  
Дәріс үстінде де, бейресми сұхбаттарда да  
құлағымыз қаныққан осы әңгіме ауанынан  
факультетіміздің республикадағы  
мандайалды оқу орны екенін анық  
аңғаратынбыз. Ал факультеттің көркейіп-  
гүлденуі мен өрісінің ұлғаюын қай  
литор-оқытушымыз болсын тікелей  
Намазалы ағаның қайраткерлігі мен  
іскерлігінің арқасында деп білетін.  
Ұстазымыздың тұлғалық болмысына  
қатысты жыр-аныздай өрілген өзге де  
әңгімелерді емес-емес естіп жүрдік. Сабақ  
берген ұстаздарымыз аузынан журфак  
жетістігін естіген сайын, біз де іштей  
маркаға түсетінбіз. ҚазҰУ журналистика  
факультетінде оқитындығымызды,  
факультетімізден Намазалы Омашұлындай  
аты алты алашқа озған танымал ғалым  
шыққанына мейманымыз тасып, арқа  
жүніміз тіптен күдірейіп-ақ кететін.

жарық көрді. Бұл Л.Гумилев атындағы  
Еуразия ұлттық университеті жанынан  
құрылған зерттеу орталығының алдағы  
жоба-жоспарымен таныстырып,  
журналистиканың өзге де өзекті  
мәселелерін сөз еткен толғамды сұхбат  
болатын. «Айқынның» айқара бетіне  
жарияланған сұхбатта республикадағы  
тұңғыш журналистика институтының  
шаңырақ көтергендігі хабарланып,  
10 томдық алаш көсемсөзі жарық  
көретіндігімен сүйіншіленді. Бұл  
магистрант менің Ташкентте  
жарық көрген «Ақжол» басылымын  
диссертациялық тақырып ретінде бекітіп,  
алаш қайраткерлерінің саяси күресіне  
құмартып, жұтынып-ақ тұрған шағым  
(*магистратурадағы бірінші жылым  
болатын*). Сондықтан институттың  
жоспарға алған «Алаш көсемсөзі»  
айрықша ықыласымды аударды. Қазақ  
мемлекеттілігін саяси, заңдық тұрғыдан  
негіздеп берген алаш арыстарының  
мұрасын түгендеуге менің де бір үлесім  
тигенін айрықша қаладым. Осындай  
тебіреністі көңіл толқынысынан болар,  
ҚазҰУ қалашығы әл Фараби мүсінінің  
жанындағы орындықта газет оқып  
отырып, бір сәтке ойға шомып кетіпін.  
Сол сәтте «осы институтта қызмет  
атқарып, алаш арыстарын зерттеймін»  
деп өз-өзіме айтқаным анық есімде. Арада  
жыл өтті. 2010 жылдың жаздың соңғы  
айларында Астанаға жеке жұмыс бабымен

жолым түсті. Сонда тағы бір  
кездейсоқ жағдай әсер етіп,  
ойламаған жерден институтқа  
жұмысқа қабылдандым (*бұл  
кездейсоқ жағдайды жыл  
бұрынғы бір ауыз сөзіммен  
байланыстырамын. Сонда  
періште қолын жайып,  
құдайдың ықыласы ауғаннан  
болар деп алаңамын*).

Міне, сол 2010 жылдан бері  
Намазалы ағаның қоластында  
қызмет етіп келемін.  
Бір кезде сырттай суық  
көрінетін ағаның мейірімін  
де, қолдауды да кем көрген  
жоппын. Жұмысқа қабылдаған бірінші  
жылы-ақ өзінің беделін салып, арнайы  
ректор грантымен докторантурада  
оқуыма себепші болды. Одан кейін  
де мемлекеттік грантпен екінші  
мәрте қабылдандым. Бұл жолы да  
ғылыми жетекшім ретінде қолдап-  
қуаттаған тағы өзі. Ұстазымның  
ықылас-пейіліне бөленген шәкіртінің  
алды да арты да мен емес екенімді  
журналистика оқу ордасынан  
түлеп ұшқандардың қай-қайсысы  
да куәлік ете алса керек. Алаш  
қайраткерлерінің өмір-шежіресінде  
аға буынның кейінгі буынға жасаған  
камқорлығы туралы өнеге-өрнегі аз  
емес. Соның бір парасы былай өрбиді:  
Сәдуақас Шорманов Барлыбек  
Сырттанұлының оқу жайынан қолқа  
салып, Г.Потанинге хат жазса,  
кейіннен Барлыбек те Мұхаметжан  
Тынышбаевтың оқуына қол ұшын  
созады. Ал Тынышбаевтың тарығып  
тұрған жерінен Тұрар Рысқұловты  
оқуға аттандырғаны – бұл күнде  
хатталған деректің бірі. Алдыңғы  
лек кейінгі ұрпаққа дем беріп, қажет  
жерінде қолдау танытпағанда, біз  
қазақ елінің тұңғыш Ата заңын жазған  
қайраткер Барлыбекті, қазақтан  
шыққан алғашқы теміржол инженері  
мен Түркістан Мұхтариятының  
(автономия) тұңғыш президенті

М.Тынышбаевты, Түрік конфедерациясын  
құрам деп айға шапқан арыстан мінез  
Тұрарды тарихта көрер ме едік?! Әрине,  
бұл мысалдарды жіпке тізгендегі біздің  
мақсат кешегі алаштан жеткен буын  
сабақтастығы мен олар аманаттаған асыл  
қасиет – әкелік, ағалық камқорлықтың  
жалғасып келе жатқанын өзіміздің  
мысалымызда әйгілеу ғана еді. Намазалы  
ағаның жақсылығын көргендер әр  
облыстан, тіпті қиырдаң келіп қосылған  
қандастар арасында да жетерлік.

Осы он жыл бойына оқу үрдісінде  
шәкірт, жұмыс барысында қызметкер  
болу сипатыммен ағайға етене жақын  
жүрдім деп санаймын. Кісілігіне тәнті

болып, әділдігі мен  
турашылдығын  
таныдым.  
Шешімталдығы  
мен жеделділігіне,  
тәртіпке  
талапшылдығы  
мен іске  
тындырымдылығына  
көз жеткіздім. Кей-  
кейде үрдіске ілесе  
алмаған тұсымызда  
башы ретінде  
ашуымен де тезге  
салып отырды. Осы  
кезендегі мен үшін  
ең үлкен олжа –  
журналистиканың  
аныз адамына  
айналған тегеурінді  
ғалымның төл  
шәкірті атанып,  
ғылыми мектебінен  
шыңдалуым еді. Ең  
бастысы, 10 жылға  
таяу уақытта ұстаздың  
жетекшілігімен 20  
томға жетекәбыл  
енбектің  
құрастырушысы  
болдым. Алаш  
қайраткерлерінің  
мол мұрасын сирек  
қолжазба қорынан  
жарыққа шығаруға  
атсалыстым.

Бұл қысқа лебізімізде біз шәкірт  
ретінде ұстазға деген құрметімізді білдіріп,  
ағалық камқорлығына алғыс ниетімізді  
андатқымыз келді. Сондықтан ілгергі  
буыннан кейінгі ұрпаққа көрсетіліп  
жатқан қолдаудың куәгері ретінде  
сөз сабақтадық. Қазақ журналистика  
ғылымының теориясын негіздеген  
ғалымдық бітімі, сан түлекті түлетіп  
ұшырған ұстаздық болмысы, кесек айтып,  
келелі іске ұйтқы болған қайраткерлік  
келбеті туралы сөз өз алдына бөлек әңгіме.  
Осы орайда тұтас қазақ журналистика  
мектебін негіздеп, отандық ғылымға сүбелі  
жаналық қосқан ұстазымыздың 70 жасқа  
толған мерейтойымен шын жүректен  
құттықтаймыз!

Ағаның жөн-жоба көрсетуімен бүгінде  
жас ғалым атансақ та, бағдарлымызды  
айқындауда Намазалы Омашұлының  
басып өткен жолына қарайтындымы  
мақтанышпен айтамын. Омашұлы  
тұлғасы, тұрасын айтқанда, біз үшін  
биік армандарға қол созып, үздіксіз алға  
озудың мотивіне айналған бағдаршам.  
Егер жолайрықта қалсақ, онда ағамыздың  
ізіне үнілеміз, ғалымның жолы  
адастырмайтынына сенеміз. Өйткені  
ұстаз өнегесі теміржазық жұлдызымызға  
айналғалы қашан...

Ұшқын  
СӘЙДІРАХМАНҰЛЫ,  
PhD докторант

Шетел әдебиеті

Джек ЛОНДОН  
(АҚШ)

## ЕРТЕ КЕЛГЕН КҮЗ (әңгіме)

Билдің әлі ақүрпік балаң кезінде олар  
махаббат қызығына ортақ мастанған  
болатын. Әр кеш сайын бірге жүріп, бірлікте  
әңгіме-дүкен құратын. Кейін әлдебір болмашы  
істен араларына салқындық түсті де, содан қайтып  
бір-біріне сөйлемес болып қалды. Кешікпей, бір  
жолғы сезім сапырылысында қыз өзім ұнатам деп  
ойлаған бір жігітке тұрмысқа шықты да, ал әйел  
затынан әбден көңілі қалған Бил жайына кетті.

Содан, осыншама уақыт ішінде, кеше ғана  
тұңғыш рет Вашингтон алаңынан өтіп бара жатқан  
келіншек оны кездейсоқ ұшыратып қалды.

– Бил Вокыр! – деді ол дауыстап.

Кілт тоқтаған жігіт алғашында бұны танымай  
қалды. Тым егде болып көрініп еді көзіне.

– Сен мұнда қайдан жүрсін, Мәруй?

Әйел әлдеқалай жүзінен өптірмекке дәмелі  
болып, алдыға қарай ұмсына беріп еді, жігіт қолын  
ұсынды да, амалсыз іркіліп, соны ғана қанағат  
тұтуына тура келді.

– Мен Нью-Йоркте тұрамын, – деді сонан соң.

– А... – жігіт әдеп үшін жымияғанда, екі көзінің

арасынан ұсақ әжімдер жыбырлады.

– Қанша ынтызар болсам да сенен еш хабар ала  
алмадым, Бил.

– Мен әзір адвокатпын. Жұмыс орным жаман  
емес. Қаланың орталығына орналасқан.

– Үйленген боларсың?

– Иә, екі балам бар.

– А... – деді әйел.

Саябақпен жүрген адамдар олардың манын  
жанап ары-бері өтіп жатты. Барлығы бейтаныс



кісілер. Мезгіл әлдеқашан түс ауған екінті мезгілі  
болатын. Күн батпаға таяп, суық үдей түскен-ді.

– Ал, өзіңнің күйеуіңші? – деп сұрады Бил  
одан.

– Біздің үш баламыз бар. Мен Колумбиядағы  
бір мекемеде есепші болып істеймін.

– Сен былай қарағанда... (*егде көрінеді екенсің  
демекші, болатын*) тәуір көріндің, – деді Бил.

Әйел түсінді. Вашингтон алаңындағы ағаштар  
астында тұрып, ол өзінің өткен шақтар өтіне қайта  
оралуға соншама ынтызар екенін анық сезді. Ол  
Уахаданы кезінін өзінде жігіттен үлкен болатын.  
Ал, әзір тіпті де жас емес еді. Бил болса әлі  
уылжып тұр.

– Біз орталық саябақтың батысында тұрамыз,  
– деді әйел, – келіндер, үйді көріндер.

– Иә, – деді жігіт іле жауап қатып, – қайсыбір  
күні кешке күйеуің екеуің келіп, біздің үйде қонақ  
болындар. Кез-келген күні. Лусил екеуіміз сендерді  
қызу қарсы аламыз.

Алаңдағы ағаш жапырақтары баяу қалқып  
түсіп жатыр. Үп еткен леп болмаса да, күзгі інірді  
жамылып үнсіз тұрған әйел өзін сәл жайсыз сезінді.  
– Біз де пейілдіміз, – деді жауап орнына.

– Сен менің балаларымды көруін керек, – деді  
жігіт тістерін ақситып.

Кенет ұзын созылған бесінші саяжолдағы  
шырақтар жарқ етті де, көгілдір ауаға күңгірт  
жақұт моншақтар тізбегі тартыла қалды.

– Менің көлігім келді, – деді әйел.

– Сау бол! – деді жігіт қолын ұсынып.

– Қашан... – әйел тағы бірдене айтуға оқтала  
беріп еді, болмады, қоғамдық көлік қозғалуға  
ынғайланды. Саяжолдағы шырақтар күңгірттеніп  
барып, жыпық-жыпық етті де, қайта өлеусірей  
қалды. Әйел көлікке кіргеннен кейін жақ  
кірісін ашудан қорықты. Аузынан ешбір үн  
шықпайтындай сезіліп, үрейі ұшқан еді.

Кенет ол дауысын көтеріп:

– Қош! – деп айғайлап жіберді. Бірақ, бұл кезде  
автобустың есігі әлдеқашан жабылып қалған еді.

Көлік жылжи жөнелді. Сыртта екеуінің  
арасына көшпен өткен жүргіншілер келіп түсіп,  
қайшалысып жатты. Барлығы бейтаныс кісілер.  
Орта – аңғарық бастық пен адамдар легі. Билдің  
қарасы әлдеқашан өшіпті. Дәл осы кезде барып  
әйел оған өз мекен-жайын  
бермегенін, ал онкің сұрап  
алмағанын, соған қоса,  
оған өзінің ең кіші ұлының  
есімі Бил екенін айтуды  
ұмытқанын есіне алды.



Ағылшын тілінен аударған  
Серік НҰҒЫМАН,  
жазушы-аудармашы





**Әңгіме**

Келінім қазақша үйренем деп жүр еді. Бұрын қосағымен өзінің ана тілі — жапон тілінде, сосын орыс тілінде, арақідік жекелеген сөздерді қазақша айтатын. Жапон тілі де алтай тобына жатады, бізге бір табан жақын, мәселен, қазақ «нан-пан» десе, «наны» бізде, «паны» соларда қалған. Жапондар Құраннан кейінгі қасиеттіміз — нанды «пан» дейді. Тамыры терең жақындығымыз келін келгелі шындықка айнала бастағандай.

Аяғы ауыр. «Аман-есен босансам қазақшаны компьютермен тез үйреніп алам ғой», — дейді ағынан жарылып. Сол сөзіне ырзамын. Сәбидің тілі қазақша шығу керектігін мен айтпай-ақ сездіріп отыр. Ақ көңіліне разымын. Жұмысын тастап, Жапониядан қазақ еліне кеп босанбақшы. Өйткені, сәбидің кіндік қаны қайда тамса, сол елдің азаматы боп қалады. Менің пайымым осындай. Азаматтық қабылдау деген актілер — құжаттың құлдарының тірлігі. Бұл — ырымға жаман, бір сөзді мың сөз қылуға жақсы-ақ нәрсе.

Ұзамай сәби келді дүниеге. Адам келді өмірге. Қазақтың азаматы, самурайдың жиені. Тұзды суға түсіріп алғасын, еміреніп еміп болғасын, қос саусағын шекесіне қойып, ұйқыға бөгеді. Мен «ойшыл» деп ат қойдым. Оянғанда «інгә-інгә» деп оянады. Кейде інгәлап жер-дүниені басына көтереді де, аузына ана сүті тигесін сап тиылады. Ол інгәлағанда үйдің іші жаңғырып, төрт қабырға жайнап кетеді. Есігі ашық балконнан сыртқа естіліп, көршілер: «Өмірге адам келіпті ғой» деп, «құтты болсын» айтып жатыр.

Бірде сырттай байқап қалдым, «інгә, інгә, інгә!» деп, келінім ұйқыдағы сәбиіне еміреніп отыр. Әлде өзі де шарана күнінде інгәлағанын ойлап, қиялдың шідерін босатты ма екен? Тағы бірде бөлек тұратын бізге телефон соғып:

## Тңгә



— Ингә деген сөз нені білдіреді? — деп сұрады.

— Ол — сәбидің жанайқайы. Пенденің өзін-өзі білдіруі. Бұл — халықаралық сөз, жер бетіндегі сәбилердің тілі інгәлап шығады, Жапонияның кішкентайлары інгәламай ма?

— Осыны енді біліп отырмын. Бірақ, қазақтың інгәсіндей інгә ешкімде жоқ шығар. Ердәулет таза қазақша інгәлайтын болды, — деп мәз болды.

Жер бетінде қазақтың інгәсіндей інгә жоқ. Ингә — қазақтың көрген азабы мен бақыты, соны ХХІ ғасырдың басында туған, екпінді елу елдің көсбасшысы

болатын азаматы шарана тілімен жер бетіне жар салып жатыр. Ингә — бізден тараған сөз, себебі түркілердің тілі — тәтті тіл. Ингә — санатқа кірмей қалған халықаралық тіл. Қазақтың інгәсіндей інгә жоқ жер бетінде.

Жапондар бізге жанымен берілген жұрт. «Ешкімге жаманаты жоқ, «ақырын жүріп, анық басып», атоммен азаптаған Американы іштей жарысқа түсіп, ілім-біліммен басып озған халық. Осы ғасырдың басында қазақ жерінде көмілген өздерінің тұтқын сүйектерін қазып ап, компьютермен ата-тегің анықтап, бәріне ескерткіш қоймақшы. Біздің ауылда да «Жапон базы» деген жер бар еді, соғыстан кейін тұтқын жапондар сол жерде сексеуіл сындырып, отын дайындаған. Кетерде құмның тасбақасын қап-қап қып пойызға тиеп алып қайтыпты. Құдаларыма осы жерді бір көрсету де ойымда бар. Олар Осакада самурай боп інгәлап туып, қазақтың құмында сүйегі қалған қандастарының әруағына төу етсін. Мал сойып, Құран бағыштасам ба деймін.

«Ингәлап» келіп, «Аллалап» кету — имандыға тән кейіп. Ингә — шарананың ұлттық тілі. Сонда да қазақтың інгәсіне інгә жете ме? Оны келінім де мойындап отыр. Ердәулеттің інгәсін дыбыс жазғышқа түсіріп ап, электронды байланыспен Киотодағы анасына тындатқанын да қуана, мактана жеткізді маған.

Тіл — ана. Жаңа босанған ананың жаны да шарана жанындай нәзік. Ол бар шының, жан сырын ақ сүтпен бірге ақтарып сап отыр. Ешбір ана кіндігі кесіліп, өзінен алыстай бастаған перзентінің бойынан жалғандық көрмейді.

Ингәла, шарана, інгәла! Қаратаудан шыққан қазақтың інгәсі Қызыл теңізге де естіліп жатыр...

**Қуандық ТҮМЕНБАЙ,**  
*жазушы*



**ҚАЗЫНА**

**Алтын әріпті Құран**

Әзірбайжан суретшісі әрі кескіндеме шебері Тунзале Мамедзаде ерекше Құран кітабын жасады.



Ол мөлдір жібек матаның бетіне алтын және күміс бояуды пайдаланып, Құран әріптерін түсірді. Ол БАҚ-қа берген сұхбатында, Қасиетті Құранды ерекше тәсілмен жасағысы келгенін айтты.

Осы күнге дейін Құран түрлі бұйымдарға түсіріліп, мұқабасы түрліше безендірілген. Бұл жолы Құранды жаңаша жасау үшін 1,5 литр алтын мен күміс бояу, 50 метр кара жібек қажет болған.

**МҮҚІС МҮҢІС**



«Тазамурин» және «Суйктимицин» дәрілік өнімдері Алматы қаласындағы VIVA Pharm фармацевтикалық компаниясында шығады. 2014 жылы еліміздің Денсаулық сақтау министрлігі Фармация комитеті төрағасының бұйрығымен бекітілген. Сапасы мен құрамы толық тексеруден өтіп, өнім нарыққа жіберілді. Сауда атауы «Суйктимицин», «Тазамурин». Ал халықаралық патенттелген атауы көрсетілмеген. Өнімнің аталуына шығарушы компания жауапты.

*Құрметпен, ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің Қоғамдық денсаулық сақтау орталығының баспасөз қызметі*

**ЖАЛҒЫН**

## ЖАЛЫН МЕН ЖАНУАР



**AUSTRALIA**

**Бас редактор — директор**  
**Срайыл СМАЙЫЛ**

**Редакция алқасы:**

**Жолдасбек ДУАНАБАЙ** Бас редактордың орынбасары

**Жарас КЕМЕЛЖАН** жауапты хатшы

**Ғалия ҚАЛИЕВА** компьютер орталығының жетекшісі

**Тілшілер мен қызметкерлер:**

**Макпал НОҒАЙБАЕВА** — арнаулы тілші

**Әбдіманап КЕНЕС** — жастар және ғылым

**Кәмшат ТӨЛЕШОВА** — теріміш

**Айдос ҚУСАЙЫНҰЛЫ** — web-sait

**Аймақтағы меншікті тілшілер:**

Байкен КӨБЕЕВ— Ақмола және Солтүстік Қазақстан облыстары (8 778 910 45 34)

Қажет АНДАС — Алматы облысы (8 747 706 13 82)

Баян ЖАНҰЗАКОВА — Атырау облысы (8 702 426 69 05)

Ерман ӘБДИЕВ — Жамбыл облысы (8 705 256 50 05)

Ернұр КЕНЖЕБАЙ — шолушы

Ұлдай САРИЕВА — Батыс Қазақстан облысы (8 705 150 48 30)

Кезекші редактор  
**Макпал НОҒАЙБАЕВА**

**Шығарушы:**

**«Аманат Медиа» ЖШС**

Директордың

орынбасары

**Мейрамбек**

**ҚҰЛМҰХАМЕДОВ**

Бас есепші

**Расима**

**ӘКІМБЕКОВА**

**Редакцияның мекенжайы:**

050012, Алматы қаласы, Мәуленов, 85 үй, №61 кеңсе, 3-кабат  
(*Бөгенбай батыр көшесінің қиылысы*)

Телефондар: 8(727) 272-43-39; 272-43-25

Бухгалтерия: тел.факс: 8(727) 272-46-22 (жарнама бөлімі)

Газет «Дәуір» ЖШС РПИК  
(Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17-үй)  
тел: (727) 273-12-04, 273-12-54

Тапсырыс — №2194;  
Бағасы келісім бойынша

**Айлық таралымы — 20 000 дана**

*Газет Қазақстанның барлық аймақтарында таралады, сондай-ақ «Air Astana», «Turkish Airlines», «QazaqAir» әуежолдарының ұшақтарында бар.*

Газет 2004 жылы 14 желтоқсанда тіркелген.

2018 жылдың 14 ақпанында ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде қайта есепке тұрып, №16904-Г куәлігін алды.

Мақала авторының пікірі редакция көзқарасын білдірмейді.

Жарнама мәтініне тапсырыс беруші жауапты.

Газетте жарияланған материалдар мен суреттерді сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.